

MAKTABGACHA VA MAKTAB TA'LIMI VAZIRLIGI
NIZOMIY NOMIDAGI
TOSHKENT DAVLAT PEDAGOGIKA UNIVERSITETI
TILLAR FAKULTETI



«Himoyaga tavsiya etilsin»
Fakultet dekani:
Sh.A. Abdullayeva
«06» 2023 yil

5111300 – Ona tili va adabiyoti (qozoq tili va adabiyoti) ta'lim yo'nalishi
IV kurs talabasi

MOSHXOLOVA Bibigul Nurgazi qizining

FRAZEOLOGIZMLARNING PRAGMATIK XUSUSIYATLARINI
O'QITISHNING YANGI VA SAMARALI METODLARLARI
mavzusidagi

BITIRUV MALAKAVIY ISHI

Talaba: B. Moshxolova
Ilmiy rahbar: Qozoq tili va adabiyoti
kafedrası dotsenti D. Duysabayeva

A. Sabitova
Taqrizchilar: Toshkent viloyati, Bo'stonliq
tumani 1-sonli maktabning qozoq tili va
adabiyoti fani o'qituvchisi
A. Sabitova
Qozoq tili va adabiyoti kafedrası o'qituvchisi
B. Sayfullaev B. Sayfullaev

«Himoyaga tavsiya etilsin»
Qozoq tili va adabiyoti kafedrası
mudiri, p.f.d., professor
E.B. Abduvalitov
«10» 06 2023 yil

Toshkent-2023

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ МЕКТЕП БІЛІМІ МИНИСТРЛІГІ
НИЗАМИ АТЫНДАҒЫ
ТАШКЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ
ТІЛДЕР ФАКУЛЬТЕТІ

«Қорғауға рұқсат етілсін»
Факультет деканы: Ш.А. Абдуллаева
« 10 » « 06 » 2023 жыл

5111300 — Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі және әдебиеті) білім бағыты
IV курс студенті

МОШХОЛОВА Бибигул Нұрғазы кызының

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН
ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ
тақырыбындағы

БІТІРУ БІЛІКТІЛІК ЖҰМЫСЫ

Студент: Мошхолова Б.Мошхолова
Ғылыми жетекші: Қазақ тілі және
әдебиеті кафедрасы доценті
Д.Дуйсабаева Дуйсабаева
Пікір білдірушілер: Ташкент облысы,
Бостандық ауданы 1-санды мектептің қазақ
тілі және әдебиеті пәні оқытушысы
А.Сабитова
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы
оқытушысы Б.Сайфуллаев Б.Сайфуллаев

«Қорғауға ұсынылсын»
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы
менгерушісі, п.ғ.д., профессор
Е.Б. Абдувалитов
« 10 » « 06 » 2023 жыл

Ташкент-2023

Мазмұны

КІРІСПЕ.....	3
I тарау.	
ТІЛ БІЛІМІНІҢ ОБЪЕКТІСІ – ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР.....	7
I.1.Қазақ тілінің фразеологиясы туралы жалпы түсінік.....	7
I.2.Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің тарихы және түрлері мен жіктелуі.....	11
II тарау	
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕР ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	34
II.1.	
Фразеологизмдерді оқытуда жаңа инновациялық технология әдістерін қолдану жолдары.....	34
II.2.Фразеологизмдерді оқытуда қолданылатын ұстанымдар.....	43
III тарау.ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ОҚЫТУДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ.....	
III.1.Фразеологизмдерді сын тұрғысынан ойлау (креатив) технология арқылы үйрету.....	50
III.2.Мектепте тәжірибе жинақтау барысында жүргізілген сабақ жоспарының үлгісі.....	59
ҚОРЫТЫНДЫ.....	65
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	67

Кіріспе

Бітіру біліктілік жұмысының өзектілігі. Егемен елімізде табандылықпен жүзеге асырылып жатқан, әлемдегі елуліктің қатарына кіру саясаты қоғам өмірінің ішінде, білім беру саласында күн тәртібіне қойылып отырған күрделі мәселелердің бірі – жаңа тұрпаттағы, жаңа ұстаздар даярлау, білім беру қызметіне жаңаша көзқараспен қарау, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралау мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Өзбекстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Қазіргі мектептердің – біріншіден: практикалық қызметінде жинақталғанды жетілдіру, еліміздің материалдық – қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді.

Өзбекстан Республикасы Президентінің Олий Мажлиске жолдауында “Біз өз алдымызға елімізде Үшінші Ренессанс негізін құрудай ұлы мақсатты қойған екенбіз, ол үшін жаңа Хорезмилер, Берунилер, Ибн Синалар, Мырза Ұлықбектерді, Науаи және Бабырларды тәрбиелейтін ортаны және жағдайларды жаратуымыз керек. Мұнда ең алдымен, білім мен тәлім-тәрбиені дамыту, салауатты тұрмыс салтын қалыптастыру, ғылым-білім және инновацияларды өркендету ұлттық идеямыздың негізгі бағаны болып қызмет етуі қажет”¹ екендігі баса айтылған. Сондықтан да біз жастар, ғылым жолында, жастарды оқытуда көп ізденіп, келешекте ел үшін аянбай еңбек етіп, ұрпақты саналы тәрбиелеуге бел байлауымыз шарт деп ойлаймын. Сол үшін де, біз – жастар ғылыммен айналысып, талай шығармашылық еңбектер жазып, кейінгі жастарға үлгі болсақ, келешегіміз жақсару үстіне жақсара түседі деп ойлаймын.

¹ Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтың Олий Мажлиске жолдауы. Нұрлы жол газеті. №104. 30 декабрь, 2020 жыл.

Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практика, жаңа қарым-қатынас жасаулары қажет; - деп атап көрсетілуі мұғалім іс-әрекетіне жаңа бағыт сілтейді.

Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе - әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту, оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық- педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог – зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Болашақ қазақ тілі маманы болғандықтан бұл пәннің қазіргі мектептерде оқытылу жайы, ақпараттық коммуникативтік әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану арқылы оқушы санасын жетілдіру жағы мені де толғандырады. Халқымыздың өлмейтін, өшпейтін байлығы-қазақ тілінің құнарлы, нәрлі, икемге көнгіш, тілге оралымды қасиеті бары рас. «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың лексикасы сөзге өте бай. Сол сөздердің бірқатарын ғылыми тілде-фразеологизмдер, қолданымда – тұрақты тіркестер деп атап жүрген ұғымның құрайтыны белгілі. Қазақтың әдеби тіліндегі әсірелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішінде тұрақты сөз тіркестерінің алатын орны ерекше. Тұрақты тіркестер көркем шығарма тілін жандандырып, астарлап, бейнелей суреттеудің тілдегі дайын құралы болып табылады. Қазақ тіліндегі синтаксис тарауы оқытатын сөз тіркесі мен тұрақты тіркестің айырмасын көп оқушыларымыз шатастырып жатады. Кейбір көркем әдебиеттерді оқу барысында ақын-жазушылар тіліндегі сөз орамдарын, келтірілген фразеологиялық тіркестердің мағынасын түсінбейтіндері де бар. Бұл мәселелерді зерттеу мақсатында тақырыпты «Фразеологизмдердің

прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері» деп алдым.

Бітіру біліктілік жұмысының мақсаты: Қазақ тілінің лексикология саласы қарастыратын тұрақты сөз тіркесінің шығу төркінін, білім мен ғылым дамыған заманда жаңа технологияны қолдану арқылы фразеологизмдерді оқыту тәсілдерін іздеу. Сөз тіркесімен айырмашылығын салыстыра отырып, тілдің байлығы, тілдің сұлулығы, тілдің өткірлігі айрықша көрінетін тұрақты сөз тіркестерін оқыту арқылы мектеп оқушыларының сөздік қорын молайтып, көркем әдеби шығармаларды оқыту, саналы азамат қалыптастыру.

Бітіру біліктілік жұмысының міндеттері:

- Фразеологизмдердің жасалу жолдарын, түрлерін, стильдік қызметін, аударылуын мектеп оқушыларына қазақ тілі сабағында жаттығу жұмыстары, жаңа технология мүмкіндіктері арқылы оқыту;

- Фразеологизмдерді тілдік заңдылықтарға сүйене отырып зерттеумен қатар оқушы дүниетанымына, ұлттық болмысына байланысты сипаттап жеткізу;

- Фразеологизмдердің тек тілдің бейнелеуші элементі ғана емес, халқымыздың рухани өмірінің байлығын көрсетуде ерекше қызмет атқаратындығын ұғындырып, білім деңгейлерін айқындау.

Бітіру біліктілік жұмысының нысаны ретінде қазақ тілі сабақтарында лексикология салаларын, оның ішінде арнайы фразеологизмдерді оқыту үдерісі етіп алынды.

Бітіру біліктілік жұмысының предметі қазақ тілі сабағының сапасын, құндалығын, оқушы ізденісін, шығармашылық қабілетін, білім деңгейі мен білім сапасын арттыру.

Бітіру біліктілік жұмысының әдістері сипаттау, байқау, салыстыру тиісті әдебиеттер мен қазіргі оқу үдерістерін талдау, статистикалық әдіс (оқушылардың білімі мен дағдыларын, іскерлік деңгейін анықтау үшін) сондай-ақ педагогикалық бақылау, әңгіме жүргізу, сауалнама әдістер

пайдаланылды. Зерттеу жұмысының нәтижелілігін анықтау барысында эксперимент әдісі жүргізіледі.

Бірінші кезеңде зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, ғылыми, әдістемелік – анықтамалық әдебиеттер мен ақпараттық материалдарға шолу, талдау жасау, мектептегі педагогикалық тәжірибе кезеңінде эксперименттік бақылау жұмыстарын жүргізу. Екінші кезеңде зерттеу тақырыбына байланысты материалдарды қайта қарап, жұмыстың практикалық бөлімінің нәтижелерін көрсету.

Бітіру біліктілік жұмысының құрылымы. Кіріспеден, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

I ТАРАУ. ТІЛ БІЛІМІНІҢ ОБЪЕКТІСІ – ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР

I.1. Қазақ тілінің фразеологиясы туралы жалпы түсінік

Фразеология – phrasis – «орам, сөйлемше»; logia – «ұғым, ілім» деген сөздерінен жасалған термин. Бұл атау негізнен екі түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, тілдегі тиянақты сөз тіркестерін қазіргі және тарихи даму тұрғысынан зерттейтін тіл білімінің бір саласы дегенді, екіншіден – белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Сондықтан болар фразеологизмдер көкейге қонымды, ықшам, ұтқыр да ұтымды сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтары санатына жатады. Айшықты сөз өнерінің басым көпшілігі халықтың тұрмыс тіршілігінде, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни, наным-сеніміне байланысты туындаған. Олардың құрылымын, тілде қалыптасу кезеңдерін тұрақталу негіздерін зерттеу, сайып келгенде, оқырман қауымды оның тілдік табиғатынан хабардар етіп қоймай, сонымен қатар этнос өмірімен астасып жатқан мызғымас тұтастығымен, этнолингвистикалық факторлармен қызықтырады.

Соңғы жылдары халықаралық, тіларалық қатынастың дамуына байланысты құрылымы жағынан да мүлдем алшақ тілдерді салғастыра зерттеу тіл ғылымында дәстүрге айналып келе жатыр. Салғастыра зерттеу барысында екі тілдің өзіндік құрылымдық және жүйелік ерекшеліктері мен ұқсастықтары айқындалады. Сондай-ақ тіл табиғатында осы уақытқа шейін зерттеушілер назарынан шет қалған кейбір құбылыстардың сыры ашылып, осы кезеңге дейін қалыптасқан тұжырымдар басқа қырынан зерделенуі, тілдің өзіндік сипаты айшықталуы да әбден мүмкін. Ал сайып келгенде, әр типтес тілдердегі фразеологизмдерді салғастыра зерттеу де өзіндік тұңғыш сыры бар қиындығы да мол күрделі жұмыс.

Фразеологизм – семантикалық (ішкі мағыналық) жағынан бір-бірімен байланысқан сөз тіркестерімен сөйлемдердің ортақ атауы. Өздеріне формасы

жағынан ұқсас синтаксистік құралымдардан ерекшелігі: сөздердің белгілі бір тұрақталған лексика грамматикалық құрылымдағана айтылатын ойға сәйкес болып, сол сөздің бастапқы жеке мағынасының жалпы заңдылықтарына бағынбауында. «Фразеологизм» термині әртүрлі типтегі бірнеше тіркестерді қамтиды. Олар: атауыш қызметінде қолданылатын идиомалар (ізін суытпай, ақ қарға) ауыз әдебиетінде қалыптасқан мақалдар мен мәтелдер және жеке адамдардың авторлық немесе белгісіз әдеби шығармалардың алынған, немесе ауызша айтылған қысқа нұсқалы нақыл сөздер. Фразеологизмнің негізгі және әмбебап қасиеттері сөз мағынасының басқа мазмұнда қабылдануы немесе лексика грамматикалық транспозиция, сөз тіркесіндегі тұрақтылығымен қайталануы. Көпшілігі мақалдар мен мәтелдер және қанатты сөздерге жататын фразеологизмдық сөйлемдер мен тұрақты тіркестердің коммуникативтік қызметі диктум және модус (логикалық бағыт) деген мазмұндарға бөлінеді, сонымен бірге семантикалық екі жақтылық арқылы айқындалады.

Фразеологизм – фразеологиялық бірлік, фразеологиялық оралым, сөйлемде дайын күйінде қолданылатын мағынасы жағынан тұтас сөз тіркестер, құрамы мен құрылысы тұрақты, бөлшектеуге келмейтін лексикалық бірлік.

Семантикалық тұрақты байланыста болатын сөйлемдер мен сөздердің тіркесуі. Фразеология синтаксистік құрылымнан ерекше болады. Фразеологизмдер негізгі және универсалды қасиеттері – мағынаның болуы мен семантикалық транспозициясы тұрақтылығы және қайталануы.

Кесте 1. Фразеологизмдердің түрлері

Түрлері	Мысалы
Идиомалар	<i>Ит арқасы қиянда, жабулы қазан жабулы т.б.</i>
Мақал-мәтелдер	<i>Жақсы бала ата-анасын төрге сүйрейді, жаман бала ата-анасын көрге сүйрейді т.б.</i>

Фразалар	<i>Ну орман, кең дала, асқар тау т.б.</i>
Қанатты сөздер	<i>Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі (Абай Құнанбаев)</i>
Штамптар	<i>Айтуға келгенде, қал қалай т.б.</i>

Фразеология атауы негізінен екі түрлі мағынада қолданылады, яғни біріншіден, тілдегі тиянақты сөз тіркестерін қазіргі және тарихи даму тұрғысынан зерттейтін тіл білімінің бір саласы дегенді, екіншіден, белгілі бір фразеологизмдердің көкейге қонымды, ықшам, ұтқыр да, ұтымды сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтары санатына жатады. Сөз өрнектерінің басым көпшілігі халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына байланысты туындаған десек те болады. Олардың құрылымын, тілде қалыптасу кезеңдерін, тұрақтылу негіздерін зерттеу, этнос өмірімен астасып жатқан мызғымас тұтастығымен, этнолингвистикалық, экстралингвистикалық факторларымен қызықтырады².

Фразеологизмдерге образдылық, астарлық тән, сөз тіркестері өздерінің тура мағынасында жұмсалмайды, ауыспалы мағынасында қолданылады.

Тіл-тілдің өзіне лайық ұлттық қасиеті оның барлық крустарынан байқалады. Сөздік қорын тексеретін тіл білімі саласы лексикология дейтін болсақ, сөз байлығын тексеретін тіл білімі саланы фразеология деп атауға болады.

Адам өз сөзінің арасында жеке сөздермен қатар, тұрақты тіркестерді де жиі қолданады. Ал тұрақты тіркестер – ғасырлар бойы қалыптасқан ана тіліміздің тілдік қазыналарымыздың бір тобы. Тұрақты сөз тіркестері поэтикалық образды сөздер болып табылады.

Фразеологизмдердің бір сөздің орнына жүретінін, мағына тұтастығын, құрамының тұрақтылығын, сөйлеуге дайын қалпында кіретінін есте ұстау қажет. Фразеологизмдер тілдің бөлінбес бір бөлшегі. Өзінің көнеленуі

² Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 52 бет.

жағынан да мағына тұрақтылығы мен стиль тұрғысынан да өздеріне тән ерекшеліктері бар.

Бір сөз етіп отырған фразеологизмдердің жалпы тіл жүйесіндегі рөлі, сөйлеу процесіндегі атқарар қызметі көп жағдайда осы стильге ойысып отырады. Осының нәтижесінде сөз, сөз тіркестері, сөйлем өрісі кеңейіп отырады. Сөйлеушінің айтпақ болып отырған. Тындаушы мен оқырман қауымға жатық та түсінікті болу үшін фразеологизмдерді сөйлеуші не жазушы стиль жағынан әр саққа жүгіртіп, шебер қолдануға тырысады. Фразеологизмдердің сан салалы типтерін орынды қолданғанда ғана сөйлем сазына, тіл жүйесіне, сөйлеу практикасына нұқсан келтірмейтін болады. Стильдік тұрғыдан пайдаланудың бір қыры сөзді мәнерлеп сөйлеуге байланысып жатыр. Стиль өлгенді тірілтіп, өшкенді жандыратын дүние.

Фразеологизмдердің өзіне тән қасиеттері:

- ✓ Дайын тілдік бірлік ретінде жұмсалады;
- ✓ Жалпыға бірдей танылаған қолдану заңы болады;
- ✓ Мағына бірлігі сақталады;
- ✓ Екі сөзден кем болмайды.

Фразеологизмдердің қай-қайсысы болмасын бәрі ең алғаш халықтық сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан.

Тіл тілдің өзіне лайық ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан байқалатыны белгілі. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын лексикология дейтін болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін саланы фразеология деп атауға болады.

Әр тілдің заңдары, өзіне лайық ерекшеліктері бар: оларды зерттейтін фонетика, морфология, синтаксис, лексика, семасиология тәрізді крустары, яғни тараулары бар. Фразеологизмдер бұрынды-сонды еңбектерде, көбіне, осы лексика тұрғысынан зерттеліп келгенін жоғарыда айттық.

Фразеологизмдер – тіл ішінде өз заңдылықтарына сәйкес өмір сүретін айрықша категория. Олардың әр алуан ірілі-ұсақты ерекшеліктері мен айырым белгілерін саралай зерттейтін дербес пән – фразеология.

Фразеологизмдердің семантикалық жүйесі жайында мынаны айтуға болады. Тіл иесі – халықтың басынан өткен, өмір шындығына сай туған сан-салалы фразеологиялық бірліктер әлеуметтік, шаруашылық, діни т.б. факторлар ағынымен пайда болған. Олардың құрылым жағынан қалыптасуында, компоненттерінің тіркесу амалдарында нақтылы бір заңдылығы болатыны тәрізді фразеологизмдердің мағына тұрғысынан саралануында да тиянақты тәртіп, жүйе бар. Бұлай болудың себептері өзінен-өзі түсінікті. Өйткені олар әлеуметтік жағдайға жанасып, өз заманының талабына лайық туып жатады. Бұл талай дәуірден елес беретін фразеологизмдер тіл қорынан мықтап орын тауып, әрдайым жұртшылық кәдесін өтеп отырады³.

Сонымен, фразеологизм – фразеологиялық бірлік, фразеологиялық оралым, сөйлемде дайын күйінде қолданылатын мағынасы жағынан тұтас сөз тіркестер, құрамы мен құрылысы тұрақты, бөлшектеуге келмейтін лексикалық бірлікті айтамыз.

Семантикалық тұрақты байланыста болатын сөйлемдер мен сөздердің тіркесуі. Фразеология синтаксистік құрылымнан ерекше болады. Фразеологизмдер негізгі және универсалды қасиеттері – мағынаның болуы мен семантикалық транспозициясы тұрақтылығы және қайталануы.

1.1. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің зерттелуі және түрлері мен жіктелуі

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді арнайы теориялық тұрғыдан зерттеу XX ғасырдың ортасынан басталып, І. Кеңесбаев, А.Ысқақов, М.Балақаев, Р.Сыздықова, Ә.Болғанбаев, Г.Қалиев, Ә.Айтбаевтардың

³ Сатенова С. Қос тағанды фразеологиялық тіркестердің авторлық қолданысына қарай өзгеруі // Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 95 бет.

еңбектері арқылы қазақ тілінің фразеологиясын зерттеуге жан жақты жол ашылды.

Қазақ тілі қазынасындағы тұрақты сөз тіркестерінің релеванттық қасиетін айқындау, қазақ фразеологизмдерін іштей саралап бөлу, сондай-ақ фразеологиялық мағынаның қалыптасуы, фразеологизмнің құрам сипаты және компоненттердің байланысу түрлері, фразеологизмдердің стильдік ерекшеліктері, фразеологизмдердің сөзден және мақал-мәтелдерден айырмашылығы мен оларға ұқсас тұстары, фразеологизмдердің грамматикалық сипаты, бірнеше фразеологизмдердің жасалуына арқау болатын ұйтқы сөздер, фразеологиялық калька сияқты фразеологияның көкейтесті мәселелерін қазақ тіл білімінің күн тәртібіне қойып, қазақ фразеологиясының бағыт-бағдарын саралаған, осы саланың дербес пәнге айналуының негізін қалаған ғалым академик І.Кеңесбаев болды. А.Ысқақов, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Ә.Т.Қайдаров, Р.Сыздықова тәрізді қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдері қазақ фразеологиясының дербес пән болып қалыптасу, даму жолында көптеген мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешуге ат салысты⁴.

Фразеологизмдерді топтау мәселесі І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Ә.Т.Қайдаров еңбектерінде жан-жақты қарастырылды.

Ә.Т.Қайдаров, Р.Жайсақовалар қазақ фразеологизмдерінің құрамдық сипатын ашып, семантикалық-тақырыптық аясын белгілеп, топтастыру принциптерін айқындады. Р.Сыздықова Абай тіліндегі фразеологизмдерді зерттеу арқылы қазақ фразеологизмдерінің поэтикалық тілдегі жұмсалып өрісін зерделеп, авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің жасалу механизмін көрсетті. Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев еңбектерінде қазақ фразеологиясының теориялық мәселелері жинақтала сөз болды. Р.Сәрсенбаев зерттеулерінде фразеологизмдердің мақал-мәтелдермен, нақыл сөздермен ара-қатысы айқындалды.

⁴ Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 52 бет.

Бүгінгі қазақ фразеологиясында зерттеудің үш түрлі бағыты орын алып отырғаны байқалады. Біріншісі — қазақ фразеологизмдерін таза тілдік тұрғыдан бір тіл аясында зерттеу. Бұл бағытқа қазақ тіл білімінде көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді. Әсіресе фразеологизмдерді лексикографиялық өңдеуден өткізудегі І.Кенесбаевтың “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі” (Алматы, 1977), Ә.Қайдаровтың “Мың әсерлі де бейнелі орамдар” (Астана, 2003) сияқты еңбектерін, фразеологизмдердің сыртқы және ішкі құрылымындағы дыбыстық, мағыналық, семантикалық, әуезділік үйлесімін, т.б. архитектоникасын талдап ашып берудегі С.Сәтенованың “Қазақ тіліндегі қостағанды фразеологизмдердің Тілдік және поэтикалық табиғаты” (Алматы, 1997) атты зерттеуін, фразеологизмдердің варианттарын көрсету, синонимдік қатарын анықтаудағы Г.Смағұлованың “Фразеологизмдердің варианттылығы” (Алматы, 1996), “Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері” (Алматы, 1998) тәрізді еңбектерін атап айтуға болады. Р.Сыздықованың “Сөздер сөйлейді” (Алматы, 1994), Н.Уәлиевтің “Фразеология және тілдік норма” (Алматы, 1998) сияқты еңбектерде көптеген фразеологизмдер этимологиялық тұрғыдан талданып, олардың құрамындағы мағынасы күнгірттенген, тіптен мүлдем белгісізденіп кеткен сөздердің мән-мағынасы ашылды. Қазақ фразеологизмдері фразеологиялық бірлікті жасауға ұйтқы болатын сөздер негізінде соматикалық фразеологизмдер, фитофразеологизмдер, сан-мөлшер фразеологизмдері, зоофразеологизмдер, антропонимдік фразеологизмдер деп семантикалық-мағыналық топтарға, тақырыптарға топтастырып арнайы қарастырылуда.

Қазақ фразеологиясындағы үстем болып отырған екінші бағыт — қазақ тілінің фразеологиялық бірліктерін орыс, ағылшын, неміс сияқты болмыс бітімі, құрылымы бөтен тілдердің фразеологизмдерімен салғастыра зерттеу ісі. М.Х.Абилғалиева, М.А.Сыздықова, М.А.Жақсыбаева, М.Р.Есімжанова т.б. зерттеулерінде тіларалық фразеологиялық сәйкестіктерді айқындау, интернационалдық фразеологиялық қорды анықтау, салғастырылушы тілдер фразеологиясындағы ұқсас тұстар мен өзіндік ерекшеліктерді саралау және

ұқсастықты тудырушы факторларды айқындау мәселелері көрініс тапты. Салғастырмалы-типологиялық бағыттағы зерттеулермен өзектес түсіп жататын қазақ фразеологиясындағы салыстырмалы бағыт, яғни қазақ тілін өзбек, татар, башқұрт, қырғыз т.б. жақын туыстық қатыстағы, сондай-ақ монғол, жапон, тұңғыс-маньчжур сияқты алтайлық төркіндестіктегі тілдермен салыстыра зерттеу енді қолға алына бастады. Бұл орайда Г.Сағидолданың қазақ және монғол фразеологизмдерін тіларалық деңгейде салыстырған “Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны” (Алматы, 2003) атты еңбегін түркі-монғол салыстырмалы фразеологиясын қалыптастырудағы алғашқы бастама ретінде атап айтуға болады⁵.

Қазақ фразеологиясындағы салыстырмалы-тарихи және салғастырмалы-типологиялық бағыттағы зерттеулер үшін тереңдеп талдауды қажет ететін мынадай өзекті мәселелерді көрсетуге болады:

- қазақ фразеологиясын туыс немесе төркіндес тілдер фразеологиясымен салыстыра отырып, олардағы ұқсас фразеологиялық құбылыстарды анықтау;
- аударма теориясында, шет тілін оқытуда маңызы зор фразеологиялық эквивалентті анықтау мақсатында қазақ фразеологизмдерін туыс емес тілдер фактілерімен салғастыру;
- әртүрлі тілдердегі сөздік шоғырлардың образдық ауыспалылығындағы ортақ заңдылықтарды, ұқсас фразеологизмдердің пайда болуына негіз болған факторларды айқындауға, әрі жекелеген лексикалық компоненттердің бірнеше тілге ортақ белгілі бір фразеологиялық мағынаны қалыптастырудағы орнын, рөлін анықтауға бағытталған құрылымдық-типологиялық талдаулар жүргізу;
- географиялық, тілдік (генетикалық немесе біртіндеп қалыптасқан) және тарихи-мәдени ортақтастықтағы бірқатар тілдердің фразеологияларының өзара ықпал-әсерін, туыстас тілдер фразеологиясындағы

⁵ Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 52 бет.

жақындастықтың себеп-салдарын қарастыратын ареалдық зерттеулерді қолға алу.

Қазақ фразеологиясындағы үшінші бағыт — фразеологиялық бірліктерді когнитивтік, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, психоллингвистикалық аспектіде қарастыру бағыты. Бұл бағыт фразеологизмдерді ұлттың дүниетанымдық, мәдени, тарихи, материалдық құндылықтарымен сабақтастыра зерттеуге айрықша мән береді. Академик Ә.Т.Қайдар, Ж.Манкеева, С.Сәтенова, Б.Ақбердиева, Қ.Ғабитханұлы, Ш.Сейітова, С.Жапаков сияқты тілші мамандардың зерттеулері белгілі бір этногенетикалық қауымдастықтың ақиқат турасындағы таным-түсінігін, ментальді әлемін, ғасырлар бойы үзіліссіз жалғасқан ұжымдық тәжірибесін, рухани және материалдық мәдениетін тілі арқылы танып білуде аса маңызды. Қазақ фразеологизмдерін когнитивтік, лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық, этнопсихоллингвистикалық аспектіде зерттеуге бағытталған үшінші бағыт — ХХІ ғасыр ғылымының басты парадигмасы — антропоцентризмнің жемісі, жаңа ғасыр талап етіп отырған ғылыми интеграцияның нәтижесі. Фразеологизм және оның белгілері фразеологизмнің релеванттық белгілері⁶.

Фразеологизмдердің бас белгілерін (релеванттық қасиетін) анықтау — қазақ фразеологиясының ғылыми негізін қалаған академик І.Кеңесбаев арнайы тоқталған және фразеологиядағы ең басты мәселе ретінде алға тартқан проблемалардың бірі болды.

І.Кеңесбаев фразеологизмдерді тілдегі басқа да бірліктерден (сөзден, күрделі сөздерден, еркін тіркестен) ажыратып тануда басшылыққа алынатын ең басты ұстаным, ең негізгі критерийлер ретінде мынадай белгілерді атап көрсетеді:

⁶ Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. — Алматы: Санат, 1997. — 52 бет.

- ✓ *мағына тұтастығы, яғни фразеологизм құрамындағы сөздер өздерінің бастапқы мағынасынан түгел немесе жартылай айырылып қалып, шоғыр тіркес түрінде біртұтас мағына беруі;*
- ✓ *тіркес тиянақтылығы, яки фразеологизм құрамындағы сөздердің орын тәртібі нық болып, өзара жымдасқан тіркес қалпын барлық жағдайда сақтауы;*
- ✓ *қолдану тиянақтылығы, яғни фразеологизмнің әрдайым айна-қатесіз, бұлжымай, даяр қалпында жұмсалуды.*

Осы үш белгінің үшеуі де өн бойынан табылған жағдайда ғана лексикалық-грамматикалық тұлға фразеологиялық бірлік деңгейіне көтеріліп, фразеологиялық категорияға айналады, тілдегі өзге де тілдік категориялардан оқшауланып, өзіндік дара бітіммен тіл ішінде өмір сүреді.

І.Кеңесбаевтың бұл пікірі қазақ фразеологиясының теориялық мәселелеріне арналған зерттеулерде үнемі басшылыққа алынып келе жатыр.

Фразеологизмдердің мағына тұтастығына байланысты қасиеті оның құрамындағы сыңарлардың жеке-дара тұрып беретін мағыналарынан мүлдем басқаша болып келетін фразеологиялық жиынтық мағынадан айқын байқалады. Мәселен, *аузына құм құйылды* фразеологизмі “*сөзден тосылды, ештеңе дей алмай калды*” дегенді білдіреді. Мұнда ауыз, құм, құйылды сөздері тура мағыналарында емес, тұтасып келіп, бір шоғыр құрап, бейнелі ауыспалы мағынада жұмсалып тұр. *Жарғақ құлағы жастыққа тимеді* (тыным таппады), *төбе шашы тік тұрды* (тіксінді), *жаны мұрнының ұшына келді* (қорықты), *қара сөзді қамшы қылды* (тауып сөйлеуді көздеді), *нанын тауып жеді* (күнін көрді) т.б. фразеологизмдер бүтін бір сөздің орнына жұмсалатын, мағыналық жағынан біртұтас бірліктер. Бұл фразеологизмдер құрамындағы сөздердің орын тәртібін ауыстыруға, немесе кайсыбір сыңарлардың орнына басқа сөздерді қоюға келмейді. Онда мағыналық біртұтастық, тіркестік тиянақтылық, фразеологиялық даяр қалып бұзылады, тіптен тіркес өзінің бейнелілігін жояды, экспрессивтік-эмоциялық күшін жоғалтады, мән-мағынасынан айырылады.

Фразеологизмдер — ішкі мазмұндық құрылымы, сыртқы тұлға-тұрпаты, мән-мағынасы тұрғысынан алғанда, қыр — сыры тереңдеп зерттеуді талап ететін күрделі лингвистикалық құрылымдар. “Фразеологизмдердің күрделілігі олардың құрылымдық типтерінің және синтаксистік модельдерінің алуан түрлі болып келуінде ғана емес, сонымен қатар тақырыптық және семантикалық тұрғыдан сан түрлі, көп қырлы болуында, ойдың әр алуан эмоционалды-экспрессивті реңкілерін білдіруге айрықша қабілеттілігінде”- дейді академик Ә.Т.Қайдаров.

Фразеологизмдердің мағынасы тарихи тұрғыдан алғанда өз құрамындағы сыңарларға, фразеологизмге негіз болған әу бастағы еркін тіркестің мағынасына жетелері даусыз. “Фразеологиялық мағынаның сырын, фразеологизмнің жасалу төркінін сол әріректегі тіл құбылыстарынан, тілдің ішкі заңдарынан, қала берді экстралингвистикалық факторлардан іздеу керек”-дейді І.Кеңесбаев. Мысалы, *жұлдызы қарсы* деген фразеологизмнің шығу тегі “аспен әлемінде әр адамның меншікті жұлдызы болады” дейтін ескі наным-түсінікке жетелейтін болса, *ақ түйенін қарны жарылу* фразеологизмінің түп негізінде қазақтың тұрмыстық салт-дәстүріндегі құрбандық шалу рәсімі жатыр. Ал *жеті қат жер, жеті қат көк, жеті қараңғы түн, жеті атасын желдей көшіру, жеті атасынан түк көрмеген, кедейдің жеті қаңтаруы* сияқты жеті санының қатысуымен жасалған фразеологизмдерде көне дәуірдегі мифтік салт — сана іздері сақталған.

І.Кеңесбаев түркі тілдес халықтардың тіл білімінде осы фразеологияны өзінше жеке дара тіл білімінің бір саласы ретінде қарастыру мәселесі туралы мәселені қозғап, қазақ тілінің фразеологиясын жан-жақты зерттеуге жол ашқан ғалым. І.Кеңесбаев фразеологизмдерді танып білуде мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолдану тиянақтылығы сияқты «үш белгіге немесе үш критерийге сүйене отырып, бүкіл қазақ тілі құрамындағы құбылыстарды ең негізгі үлкен екі арнаға бөліп көрсеткен. Оның біріншісі – **фразеологиялық түйдектер**, екіншісі – **фразеологиялық тіркестер** деп аталады.

Сонымен қатар І. Кенесбаевтің «Қазақ тілінің тиянақты сөз тіркестері», «Қазақ тілінің идиомалары және фразалары туралы» деген еңбектерін жалпы фразеологияға арналған ең бағалы еңбектер деп айта аламыз. Ал енді А. Ысқақов, М. Балақаевтер өз еңбектерінде тұрақты сөз тіркестерді *идиомалық тіркестер* және *фразеологиялық тіркестер* деп екі топқа бөліп зерттеген болса, Р.Сыздықова, Ә.Болғанбаев, Г.Қалиев, Ө.Айтбаев сияқты ғалымдар қазақ тілінің фразеологиясын әр қырынан алып жан жақты зерттеді. Осындай еңбектердің арқасында XX ғасырдың 40-50-жылдарында фразеология - тіл білімінің бір саласы ретінде зерттеу объектілері белгіленіп, оған қатысты зерттеулерге алғаш жол ашылды. Қаншама еңбектер жазылғанмен, фразеологияның көптеген қызықты проблемалары зерттеу жүргізген сайын ашылып, дәлелденіп келе жатқанмен, әлі де фразеологияның зерттеуді қажет ететін мәселелері жетерлік. Қортындылай келе, әр бір халықтың тілдік байлығын, ұлттық сана-сезімін, салт-дәстүрін, мәдени тұрмыс-тіршілігін, даму тарихын бейнелейтін фразеологизмдерді оқып танымайынша, сол ұлт өз тілінің байлығын, тілдік ерекшелігін толық түсініп ұғыну мүмкін емес. Фразеологияның – құрылым, тұлға, мағына тұрақтылығы және стилі жағынан өзіне ғана тән ерекшеліктері бар.

Жаңа ғасырдың басында қазақ тілінің фразеологиясы жан жақты зерттелініп келгенін Ж. М. Қоңыратбаевтың зерттеулерінен байқауға болады, ол өз зерттеуінде фразеологизмнің көркемдік ерекшеліктерін, тематика-грамматикалық құрылымын және стилдік ерекшеліктерін кеңінен талдауға алған.

Қазақ тілінің фразеологиясын тағы да толықтыра түскен еңбектердің бірі ол Г.Сағидолда қызының “Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны” атты еңбегінің шығуы деп атап айтқымыз келеді. Г.Сағидолда қызының бұл еңбегі жалпы қазақ зерттеушілері тарапынан өте жоғары бағаланып, фразеологизмдер проблемасының жаңа бағытын көрсеткен ғылыми жұмыс екені басып айтылды. Еңбек моңғол тілінің фразеологиясын қазақ тіліне салғастыру жоспарымен жазылса да, монографияда қамтылған

теориялық жобалар өзінің оригиналдылығы және көптеген жаңалықтарымен ерекшеленіп тұр. Автордың монографиясындағы фразеология бойынша жасаған түйіндемесі фразеологияның жалпы теориясының дамуына үлесін қосады деген ойдамыз.

Қазақ тілінің фразеологиясының дамуына үлес қосқан Р.А.Авакованың фразеологизмнің жалпы семантикасына арналған ғылыми еңбегін де айтпай кетуге болмайды. Автор бұл еңбегін қазақ тілінің лексикалық қорындағы ұлттық колорит, тарих, әдет-ғұрып, мәдениет, саяси экономикалық жағдайлар мен байланысты фразеологизмдердің мағыналарының қалыптасуына, олардың ұлттық психологиялық табиғаты мен символдық ерекшеліктеріне арнаған. Автор өз зерттеуінде қазақ тіліндегі фразеологизмдердің семантикасын әр түрлі аспектіде талдау мақсатын қойып, оның теориялық мәселелерін және пайда болу факторларын анықтауға, фраземалардың семантикасын ашып көрсетуге мүмкіндік берген этномәдени ерекшеліктерді көрсетуге, ескірген фраземалардың мағынасына талдау жасауға, ерекше көрініс болған плеоназм құбылысын лингвистикалық жақтан бағалауға, фраземалардың құрамындағы символдардың семантикалық ерекшеліктерін айқындап көрсетуге әрекет жасаған.

Фразеологизмдердің басқа тілдерге салғастырып зерттеу түркі тілдерінде және роман-герман тілдерінде XX ғасырдың екінші жартысынан бастап кеңес тіл білімінде өте активті қарқында жүргізілгенін де айта кетуіміз маңызды.

Фразеологизмдерді түр-түрге бөлу — XX ғасырдың 40 жылдарынан бастап-ақ қазақ фразеологиясындағы басты мәселелердің бірі болды. Түркітануда, қазақ тіл білімінде фразеологияның объектісіне жатқызылатын тұрақты сөз тіркестерінің түрлері жайлы әр түрлі пікір орын алып келеді. Фразеологтер арасындағы тұрақты сөз тіркестерінің түрлеріне қатысты пікір қайшылығы негізінен фразеологияның зерттеу объектісінің шек-шекарасын белгілеуден, яғни тұрақты сөз тіркестерін зерттеуді кең және тар ұғымда түсінуге байланысты туындайды. І.Кеңесбаев, Г.Байрамова, З.Ураксин,

Ә.Т.Қайдар сияқты белгілі түркологтер фразеологияның зерттеу объектісін фразеологиялық бірліктермен шектеуді қолдайтын болса, С.Н.Мұратов, І.Х.Ахунзяновтар күрделі сөздерді, қос сөздерді, газет айдарларын, мақал — мәтелдерді, накыл сөздерді тұрақты сөз тіркестеріне жатқызады.

І.Кеңесбаев “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінің” “Қазақ тілінің фразеологизмдері” деп аталатын бөлімінде фразеологизмдерді түрге бөлу мәселесіне кеңінен тоқталды. Ғалым фразеологизм бойындағы мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолдану тиянақтылығы сияқты басты үш белгіні негіз ете отырып, қазақ тілінің құрамындағы фразеологиялық бірліктерді фразеологиялық түйдектер, фразеологиялық тіркестер деп екі үлкен топқа бөліп, фразеологиялық түйдектерге жаны кұйді, ит арқасы қиянда, жүрегіннің түгі бар, жүрек жұтқан тәрізді лексикалық компоненттердің барлығы жиналып, бір ғана ұғымды түйдегімен білдіретін идиом сипатындағы фразеологизмдерді жатқызды. Ол идиом сипатындағы фразеологизмдердің идиом емес сипаттағы фразеологизмдерден мағынаның тасалану, тасаланбауы, яғни құрамындағы сөздердің өздерінің тура мағыналарын сақтауы, сақтамауы жағынан елеулі айырмасы болатынын айтады. “Идиома (фразеологиялық түйдек) ішіндегі сөздер өздерінің бастапқы лексикалық тұрпаты мен семантикалық қасиетін жоғалтады да, сырт сиқын ғана сақтап калады. Фразеологиялық түйдектің (идиом) беретін мағынасы оның сыңарларынан шығатын мағынамен мүлдем байланыспайды” деген тұжырым жасайды, “жеңіл-желпі тамақтанып алу” дегенді білдіретін жүрек жалғады, “өкпелесті”, “араздасып қалды” дегенді білдіретін қырғи — қабақ болды, “өте тату” дегенді білдіретін тонның ішкі бауындай фразеологизмдерінің жиынтық фразеологиялық мағыналарының тіркестер құрамындағы жүрек, жалғау, қырғи қабақ, тон, іш бау сөздерінің жеке тұрғандағы тура мағыналарынан туып отырмағанын, түйдек сыңарлары тұтастып барып, бір шоқ жаңа мағына туғызып тұрғанын айтады. Ал белін қынай буынды, ата жолын қуды, қан жоса етті дегендерді фразеологиялық тіркеске жатқыза отырып, ғалым фразеологиялық тіркестің фразеологиялық түйдектен айырмашылығы —

фразеологиялық тіркес ішінде сөздер (бел, буыну, ата жолы, қан) жеке тұрып білдіретін бастапқы, негізгі мағыналарынан жарым-жартылай айырылатынын айтады.

І.Кеңесбаев фразеологиялық тіркестерді құрамындағы сыңарлардың о бастағы тура, негізгі мағыналарының көмескі тарту, тартпауына қарай:

а) түйін тіркес, мысалы, ернінен ене сүті кетпеген, пышақ кескендей тыйылды, өкшесін жалтыратты т.б.;

ә) түйіс тіркес, мысалы, құмырысқадай құжынаған, көзді ашып-жұмғанша, қыпша-бел, оймақ ауыз т.б. деп екіге бөледі⁷.

Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін өз ішінен идиомдық тіркестер, фразалық тіркестер деп екіге бөлу А.Ысқақов, М.Балақаев, Т.Қордабаев еңбектерінде де орын алады.

Профессорлар Ә.Болғанбаев пен Ғ.Қалиев орыс ғалымы В.В.Виноградовтың классификациясын негізге ала отырып, қазақ фразеологизмдерін фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек деп үш топқа жіктейді⁸.

Фразеологиялық тұтастыққа құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып, әбден жымдасып кеткен, олардың мағыналық жігін ешқандай ажыратуға болмайтын фразеологизмдер жатады. Мысалы: *мұрнынан шанышылып жүр; мұрнына су жетпеді; түйені түгімен, биені бүгімен жұтты; аттын жалы, түйенін қомында; бір ұрты май, бір ұрты қан* т.б.

Фразеологиялық бірлік әу бастағы еркін тіркесті ауыс мағынада қолданудан пайда болады. Фразеологиялық тұтастықтан айырмашылығы сол, мұнда жеке сөздердің қосындысынан пайда болған жай ғана туынды мағына емес, бейнеленген туынды мағына, яғни фразеологиялық мағынаның жасалуына негіз болған еркін тіркестегі бастапқы лексикалық мағына айқынырақ көрініп тұрады. Мысалы: *ит көйлекті бұрын тоздырған; ескі*

⁷ Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.

⁸ Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997.

жаранын аузын ашты, көз көрмес; құлақ естімес жер, ит байласа тұрғысыз т.б.

Фразеологиялық тізбек те фразеологиялық бірлік сияқты еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан пайда болған. Мұнда тұрақты тіркес сыңарларының бастапқы лексикалық мағынасы мүлдем жойылмағанымен, күңгірт тарта бастағаны байқалады. Фразеологиялық тізбек еркін тіркесімділік қабілетке ие сөз бен жұмсалыу қабілеті шектеулікке ие бола бастаған, көбіне фразеологиялық байлаулы мағынада ғана жұмсалатын сөздердің тіркесінен тұрады. Мысалы: *көк бет, қысыр сөз, қасқа жол, қолаң шаш, жуан жұдырық, сояу тіс, қозы жауырын*.

Фразеологиялық тізбек құрамындағы сөздердің бастапқы лексикалық мағыналары анық, айқын болмағанымен, сәл-пәл сезіліп тұратындығымен фразеологизмдердің басқа түрлерінен ерекшеленеді. Мысалы: *көз көрім жер, саусақпен санарлықтай, көзі тірісінде, қамыт аяқ, қалқан құлақ* т.б.

Орыс фразеологизмдерін фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек деп үшке бөлген. В.В.Виноградовтың классификациясын жетілдіріп, оған төртінші етіп фразеологиялық сөйлемшені қосқан Н.М.Шанскийдің топтастыруына негіздеп⁹, Р.Сәрсенбаев, Ө.Айтбаев, Г.Смағұлова, Н.Уәлиев тәрізді ғалымдар қазақ мақал-мәтелдерін фразеологиялық тұрақты орамдар ретінде фразеологияның құрамында қарастыруды ұсынады. Олар мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің фразеологияға қатысын сөз еткенде, ең алдымен мақал-мәтелдердің қалыптасқан, дайын сөз тіркесі екенін, құрамындағы компоненттердің тұрақтылығын, сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбай даяр қалпында қолданылуын, бейнелілігі мен мәнерлілігін, бағалауыштық, экспрессивтік қасиеттерін, басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейтіндігін алға тартады. Дегенмен қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді фразеологиялық бірлік ретінде қарастыруға қарсы пікірлерде орын алады. Мәселен, профессор

⁹ Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка. – М., 1969.

М.М.Копыленко мақал-мәтелдер ситуацияға байланысты қолданылып, фразалық мағынаға ие болатынына қарамастан фразеологияның тақырыбы бола алмайтынын, себебі олар халық творчествосының жанры болып табылатынын айтады. Академик Ә.Т. Қайдар бүгінгі қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі — қазақ паремиологиясын жеке пән, дербес ғылыми сала ретінде қалыптастыру екенін атап көрсете отырып, оның зерттеу объектісіне мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді, қанатты сөздерді жатқызады.

➤ Фразеологизмдердің құрылым-құрылысы.

Фразеологизмдер сырт тұлғасына, яғни құрылым-құрылысына қарай екіге бөлінеді:

- ✓ *сөйлем құрылымдас фразеологизмдер;*
- ✓ *сөз тіркесі құрылымдас фразеологизмдер.*

Сөйлем құрылымдас фразеологизмдердің өзін іштей: а) жай сөйлем құрылымдас; ә) құрмалас сөйлем құрылымдас деп екіге бөлуге болады. Жай сөйлем құрылымдас фразеологизмдерге *бағы ашылды, көктен іздегені жерден табылды, ине шанышыр жер жоқ, екі йығын жұлып жеді, жанын қоярға жер таппады* т.б. фразеологизмдер жататын болса, құрмалас сөйлем құрылымдас фразеологизмдерге *ес біліп, етегін жапты; қаққанда қанын, соққанда сөлін алды; ай дейтін әжасы, қой дейтін қожасы жоқ; ішер асқа, киер киімге жарымады; аузын ашып, көзін жұмды* т.б. жатады.

Сөз тіркесі құрылымдас фразеологизмдерді: а) жалаң сөз тіркесі құрылымдас (*өзек жалғау, жағасына жармасу, ат шаптырым, жарым түн, түн қатып, суық қол, сақалды басымен, төбесі тесік, бүйрек бет, ел аузында* т.б.);

- *күрделі сөз тіркесі құрылымдас (аузынан жырып беру, ат кекілін кесісу, жаны ұстараның жүзінде, ойда жоқ жерде, аяқ-қолын баурына алу, жанын козіне көрсету* т.б.)
- деп екіге бөлуге болады.

Фразеологизмдерді бұлайша құрылым-құрылысына қарай жіктеудің өзінде шарттылық бар. Себебі олар синтаксистік тұрғыдан бөліп-жаруға келмейтін, тұтасып кеткен, бір бүтін тілдік бірлік болып табылады.

➤ Фразеологизмдердің сөз табына қатысы.

Қазақ фразеологиясының теориялық мәселелеріне арналған зерттеулерде көрініс тапқан фразеологизмдерді сөз табына топтастыру туралы пікірлерде негізінен бірізділік байқалады.

Ә.Қайдар, Р.Жайсақовалар фразеологизмдерді сөз табына қатысына қарай 5 топқа бөледі:

1. Есімді фразеологизмдер.
2. Етістікті фразеологизмдер.
3. Одағай түріндегі фразеологизмдер.
4. Адвербиальді түрдегі фразеологизмдер.
5. Сөйлеу штампы түріндегі фразеологизмдер.

Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаевтар қазақ тіліндегі фразеологизмдерді сөз табына қатыстылығы жағынан:

1. Етістік мағыналы фразеологизмдер.
2. Сындық мағыналы фразеологизмдер.
3. Заттық мағыналы фразеологизмдер.
4. Үстеу мағыналы фразеологизмдер деп төрт топқа бөліп қарауды ұсынады¹⁰.

Г. Смағұлова фразеологизмдерді сөз табына қатыстылығына қарай 6 топқа жіктейді¹¹:

1. Етістік мағыналы фразеологизмдер.
2. Есім мағыналы фразеологизмдер.
3. Үстеу мағыналы фразеологизмдер.
4. Одағай тұлғалы фразеологизмдер.
5. Әр тарапты (модаль) сөздерден жасалған фразеологизмдер.
6. Сөйлеу дағдысында қолданылатын фразеологизмдер.

Фразеологизмнің қай сөз табына қатысын анықтауда көбінесе негізгі сөз

¹⁰ Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997.

¹¹ Смағұлова Г. Фразеологизмдердің синонимдік қатарлары // Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997.

бен жалпы тіркестен туатын фразеологиялық жиынтық мағына салыстырылады. Фразеологизмдерді шартты түрде сөз табына топтастыруда олардың семантикалық құрылымы, дәлірек айтқанда, фразеологиялық ішкі мағыналық тұтастық межеге алынады, фразеологизмдердің сөйлемдегі атқаратын біртұтас қызметі ескеріледі. Мәселен, *жаны мұрнының ұшына келу* деген фразеологизмді “қорқу” дегенді білдіретін жиынтық мағынасына қарап, етістікке жатқызуға болатындықтан, сөйлем ішінде ол баяндауыш қызметін атқарады. *Қас пен көздің арасында* фразеологизмі «тез, жылдам» деген мағынаны білдіретіндіктен, сөйлемде пысықтауыштың қызметін, *алақанға қойғандай «анық, айқын»* деген сындық ұғымды білдіретіндіктен, сөйлемде анықтауыш қызметінде жұмсалады. *Жеменайдың жер тубі* деген фразеологизм “алыс, өте қашық” дегенді білдіріп, сөйлемде үстеу қызметін атқаратын болса, *кіндік кесіп, кір жуған жер “отан, туған жер”* деген заттық мағынаны білдіреді. Бұлардың сыртында қазақ тілінің фразеологиялық қорында жиынтық мағынасына қарай дәл қай сөз табына жатқызуға болатынын анықтау қиынға соғатын демеулік шылаулар мен интонация арқылы жасалған субъективті-модальдік мағынадағы *көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?, шыққан мүйізін қайсы?, тақияңа тар кеп тұр ма?* сияқты фразеологизмдер, бар, жоқ, емес сөздерінің көмегімен жасалған *сөзінің жаны бар, атарға оғы жоқ, екі туып, бір калғаны емес*, сөйлеу дағдысына қарай ауызекі тілде қолданылатын, сөйлемде қыстырма сөздің орнына жұмсалатын *обалы нешік, ұзын сөздің қысқасы, айтып айтпай не керек, аузыңа май, астыңа таң* сияқты фразеологизмдер де көптеп кездеседі.

➤ **Фразеологиялық омонимия және көпмағыналық.**

Тілдегі жеке дара сөздер аралық қарыстылыққа тән омонимия және көп мағыналық құбылыстары фразеологиялық бірліктер арасында аз да болса кездесіп жатады. Әсіресе фразеологиялық омонимдер өте сирек ұшырасады. Тілші мамандар омоним болу үшін айтылуы бірдей болып келетін жеке сөздердің ғана емес, сыртқы тұрпаты бірдей фраземалардың мағыналары да, тіптен олардың түп-төркіні де бөлек болуы қажет дегенді айтады. Мәселен,

“*дау-дамайды қоздыра тусу*” мағынасындағы отқа май күйу образды-метафоралық сипаттағы фразеологизм мен босаға аттап, отқа май күйу ырымын жасаған келіннің қолтығынан сүйеген абысындарға берілер кәденің атауы отқа май құяр (салар) образды — номинативті сипаттағы этнографиялық фразеологизм бір-біріне омонимдік қатыста болып келеді.

Қазақ фразеологизмдері арасында көп мағыналық құбылысы да орын алады. Бұл құбылыс фразеологизмдердің басқа түрлеріне қарағанда фразеологиялық тіркестерде молырақ кездеседі. Мысалы: Ішкі сарай: а) адамның ішкі органдары; ә) адамның көңілі, ішкі сыры. Аузымен құс тістеген: а) жүйрік ат, сәйгүлік; ә) сөзге жүйрік ділмар, асқан шешен. Қабырғасы қақырады: а) берекесі кетті, быт-шыт болды; ә) қатты қайғырды.

➤ **Мағыналас фразеологизмдер**

Қазақ тілінің фразеологиялық қазынасында білдіретін фразеологиялық жиынтық мағынасы жағынан бір-біріне синонимдік қатыста болып келетін фразеологизмдер көптеп кездеседі. Синоним фразеологизмдерде мағыналық жуықтық болғанымен, құрылым-құрылыс, компоненттік құрам, яғни тұрпат тұрғысынан алғанда еш жуықтық болмайды. Мысалы: *жүрегі тас төбесіне шықты, зәресі ұшты, иманы қасым болды, төбе шашы тік тұрды* деген фразеологизмдер “*шошыды, қорықты*» деген жиынтық мағына төнірегінде топталады да, өзара синонимдік қатар құрайды.

Қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдердің семантикасын, прагматикасын, құрылымын, құрамын, стильдік ерекшеліктерін арнайы зерттеген профессор Г.Смағұлова оларда ұлт мәдениетінің езіндік ерекшелігі, ұлттың ментальдық айрықша көрініс табатынын айтады¹².

Синоним фразеологизмдер қолданыс ыңғайына қарай эмоциональді-экспрессивтік тұрғыдан семантика-стилистикалық сатылық деңгейде жұмсалады. Фразеологизмдерде бағалау, сипаттау, суреттеу, бейнелеу қасиеті жеке сөздерге қарағанда жоғары болады да, эмоцияның сан қырлы спектрлерін

¹² Смағұлова Г. Фразеологизмдердің синонимдік қатарлары // Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997.

лексикалық синонимдер тап басын жеткізе алмаған жағдайда, сөйлеуші бейнелі тіркестерді, соның ішінде фразеологизмнің синонимдік қатарынан экспрессивтік бояуы ең күштісін таңдайды. Мәселен, қосып айтты дегенде эвфемистік сыпайлау реңкі болса, аузы мұрны қисаймай, беті бүлк етпей — ауызекі сөйлеу тіліне тән фразеологиялық синонимдер. Сөзі аяқ асты болу, сөзін бит шаққан кұрлы көрмеу синоним фразеологизмдері де экспрессивтік бояу тұрғысынан ерекшеленеді. Сөзі аяқ асты болу дегенде немқұрайлылық, елемеушілік реңкі басым болса, сөзін бит шаққан кұрлы көрмеу фразеологизміне «мүлдем тыңдамау» деген семантикалық-стилистикалық бояу тән.

Мағыналас фразеологизмдердің синонимдік қатарының ішкі семантикалық мүмкіншілігінің тереңдігі ұлттық-мәдени ұғымға, түсінікке тәуелді болады. Бұл образдылықтың күшею сатысынан көрінеді. Мысалы, жыланның аяғын көрген, қара судан каймақ алған, тақыр жерден шөп өсіретін, су жұқпас, қулығына кұрық бойламайтын, Сырдан сыңар аяқ өткен сияқты бейнелі фразеологизмдер қолданылады. Синонимдік қатар кұрамындағы мағыналық реңк фразеологизмдердің жасалуына негіз болған образдарға, фразеологизмнің ішкі формасына байланысты болады. Образдар қаншалықты бай, сан түрлі болса, фразеологиялық синонимдер де соншалықты суретті болмақ.

➤ Фразеологиялық антонимдер

Фразеологизмдер мағына жақындығына қарай синоним болып жұмсалатыны сияқты, қарама-қарсы мәнде қолданылуына қарай өзара антонимдік қатыстылықта да болып келеді. Қазақ тілінде фразеологиялық антонимдердің екі түрі орын алады:

- фразеологизм кұрамындағы компоненттердің басқа сөзбен алмастырылуына негізделген фразеологиялық антонимдер. Мысалы: *бетінен оты шықты* — *беті бүлк етпеді*; *ер жүрек* — *қоян жүрек*; *сыр алдырды* — *сыр бермеді*, *бақ қонды* — *бағы тайды* т.б.

- Компоненттік құрамында еш жақындық жоқ, тек фразеологиялық жалпы мағына тұрғысынан антонимдік жұп түзетін фразеологизмдер. Мысалы: *отымен кіріп, күлімен шықты — бұта басын сындырмады; ауыз жаласты — ат құйрығын кесісті; айы оңынан шықты — жолы болмады; күрең қабақ болысты-араларынан қыл өтпеді* т.б.

➤ Фразеологизмдердің варианттылығы

Фразеологиялық жиынтық мағынаға еш әсер етпейтін құрам-құрылыстағы азды-көпті дыбыстық, морфологиялық өзгешеліктер немесе кейбір сыңарлардың семантикалық өрістес сөздермен алмастырылуы фразеологиялық варианттылықты тудырады.

Қазақ тілінде варианттылықтың мынадай үш түрі бар:

- лексикалық варианттылық,
- фонетикалық варианттылық,
- морфологиялық варианттылық.

Лексикалық варианттылық үшін бірдей мағынаны білдіретін бірнеше фразеологизмдердің лексикалық құрамының өте ұқсас болуы, мұнда компоненттер арасында мағына жақындығы сақталуы кажет. Мысалы: *жүзін жылыту/ түсін жылыту/ өнін жылыту, ала жібін алмау/ ала жібін аттамау, бой тасалау/ бой жасыру, он сапар тілеу/ сәт сапар тілеу, адам шошырлық/ жан шошырлық, иманы қашу / имны қалмау/ иманы ұшу.*

Морфологиялық варианттылық фразеологизмдердің морфологиялық құрылымына, яғни мән-мағынасы, лексикалық құрамы бірдей болып келетін фразеологизмдердің сыңарларында морфологиялық тұлға тұрғысынан алғанда азды-көпті ерекшеліктердің кездесуіне байланысты болады. Мысалы: *өлмес күнін көру/ өлместің күнін көру, бөгет болу/ бөгесін болу, көзге ілмеу/көзіне ілмеу, азар болса/ азар болғанда* т.б.

Фонетикалық варианттылық фразеологизм құрамындағы сөздердің дыбыстық өзгешеліктермен қолданылуына қатысты болады. Мысалы: *емешесі құру/ емесесі құру, риза болу/ ыразы болу, ай дейтін ажа, қой дейтін қозжа*

жоқ/ әй дейтін әже, қой дейтін қожас жоқ, пешенесіне жазған/бешенесіне жазылған т.б.

Фразеологиялық варианттылық тілдің синхронды және диахронды дамуы арасын үзбей, алшақтатпай байланыстыруға қызмет ететін, тілдік норманың қалыптасуына ықпалын тигізетін тарихи тілдік құбылыс болып табылады.

Шарль Балли (1865-1947) фразеология ғылымының негізін салушы болып табылады, өйткені ол өзінің «Француз стилистикасы»¹³ еңбегінде сөз тіркестерінің жүйеленіп келтірді. Ол өз еңбектерінде сөз тіркестерінің төрт типін көрсетеді:

1. Еркін сөз тіркестері;
2. Жай тіркестер;
3. Фразеологиялық қатар. Бұл тіркестер компоненттердің қайта топталуына мүмкіндік береді;
4. Фразеологиялық бірліктер деп – сөздер жеке тұрып мағынасын жоғалтса да, бірігіп қолданылысында бір мағынаны білдіреді.

Кейіннен тіл маманы жай тіркестер мен фразеологиялық тіркестерді қайта қарастырып, олар жалпы тіркестердің негізі деген тұжырымға келді. Осылайша, Ш.Балли тіркестердің екі түріне келіп тоқтады.

1. Еркін тіркестер
2. Фразеологиялық бірліктер.

Жалпы алғанда барлық тіркестер жаңа мәнге ие, оны ғалым химиялық қосылыстармен салыстырады, яғни жеке қолданысында аз мәнге ие болып, ал бірге қолданысында бұл фразеологиялық бірліктер көркем сөздің сипатына ие¹⁴.

Академик В.В.Виноградов фразеологизмдерді семантикалық сәйкестігі көзқарасымен топтастырады. Белгілі болғандай, фразеологизмдер еркін сөз тіркестерінің үйлесуінен пайда болады, олар ауыспалы мағынасында

¹³ Балли Ш. Французская стилистика. -Изд-во иностранной литературы, 1961.

¹⁴ Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Дәуір, 2003.

қолданылады. Біртіндеп, олардың жеке мағыналары жойылып, күнделікті қолданыста олардың тұрақты тіркестер күйіндегі түрі қолданылады. Фразеологизмдердің мағыналарының қаншалықты ауыспалы болуына байланысты академик В.В.Виноградов оларды үш түрге бөледі: «фразеологиялық тұтастықтар, фразеологиялық бірліктер және фразеологиялық тізбектер»¹⁵.

Фразеологизмге тән үш түрлі ортақ белгі болғанымен, бұлар бір-бірімен әрдайым ашық ажыратыла бермейді. Бұл белгілер, әсіресе мағына тұтастығы, біреуінен ап-айқын көрінсе, екіншісінен көмескі, үшіншісінен өте солғындау болып кездеседі. Сондықтан фразеологизмдерді түр-түрге бөліп топтастыру тіл біліміндегі ең күрделі де қиын мәселелердің бірінен саналады¹⁶.

Зерттеушілердің бір тобы тұрақты тіркестердің біртұтас мағынасы мен солардың құрамындағы сыңарлардың ара қатынасына қарай жіктеп бөлсе, екіншілері құрылым-құрылысы жағынан, үшіншілері атқаратын қызметі мен стильдік мәні жағынан топтастырады.

Сонымен, қазақ тілі фразеологизмдеріне терең, әрі жан-жақты сипаттама жасаған және болашақ зерттеулерге бағыт-бағдар берген І.Кеңесбаев фразеологизмдердің үш басты белгісіне (тұлға тұрақтылығы, мағына тұтастығы, қолдану тиянақтылығы) сүйене отырып ең негізгі үлкен екі топқа бөледі.

1. Фразеологиялық тұтастық;
2. Фразеологиялық тіркес.

Бұл еңбектерде фразеологизмдердің негізгі белгілері анықталып, оларды семантикалық және грамматикалық тұрғыдан талдап топтастыру қаралады.

К.Аханов қазақ тілі фразеологизмдерін В.В.Виноградов классификациясына сүйене отырып, семантикалық тұрғыдан:

1. Фразеологиялық тұтастық;

¹⁵ Виноградов В.В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. Виноградов В.В. Лексикология и лексикография: Избр. Тр. – М., 1986.

¹⁶ Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Дәуір, 2003.

2. Фразеологиялық бірлік;
3. Фразеологиялық тізбек;
4. Фразеологиялық сөйлемше деп топтастырады¹⁷.

Орыс тіл білімінде В.В.Виноградовтың классификациясын негізге алып бөледі¹⁸. Қазақ және өзбек тіл білімінде де осы классификацияны бірден-бір етіп келе жатырмыз және олар:

1. Фразеологиялық тұтастық (frazeologik chatishma);
2. Фразеологиялық бірлік (frazeologik birlik);
3. Фразеологиялық тізбек (frazeologik birikma) болып, негізінен үш топқа бөлінеді.

К.Аханов: Фразеологиялық тұтастық деп бөлініп ажыратылмайтын, беретін мағынасы жағынан құрамындағы сыңарлардың мағынасымен мүлдем байланыспайтын, әбден бітісіп, тұтасып кеткен томаға тұйық тіркестерді айтамыз – дейді. Мәселен, мұрнынан шаншылып жүр, мұрнына су жетпеді дегеннен қолы тимеді, бұрылуға мұршасы болмады дегенді немесе өзбек тілінде, бир бошини икки қилди – оилали қилди, боши кўкга этди – беҳад севинди, боши осмонда – ниҳоятда хурсанд, қўй оғзидан чўп олмаган – ниҳоят даражада беозор, мўмин, қордан қутулиб, ёмғирга тутилмоқ – аввалгисидан ҳам ёмонига учрамоқ дегенді түсінеміз.

Бұл мағына осындағы үш сөздің тұтас жиынтығынан келіп шығады. Түйдек ішіндегі жекелеген талдау жасап, бірін екіншісінен бөліп алуға көнбейді. Фразеологиялық тұтастық жеке сөздердің тұтас жиынтығынан пайда болғанымен, олар іштей түрлі бөлшектерге бөлінбей, іс-әрекетті, сапа мен белгіні, зат пен құбылысты бір бүтін атау ретінде көрсетіп бере алады.

Фразеологиялық бірлікке К.Аханов мынандай анықтама береді: «Мағынасы жағынан ажыратылмай, тұтасымен бір бүтін мағынаны білдіретін, бірақ сөз тіркестерінің бір бүтін мағынасы лексикалық сыңарлардың

¹⁷ Смағұлова Г. Фразеологизмдердің синонимдік қатарлары // Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. - 89 бет.

¹⁸ Виноградов В.В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. Виноградов В.В. Лексикология и лексикография: Избр. Тр. – М., 1996.

мағыналарының бірігіп тұтасуынан тұрақты фразеологиялық сөз тіркестері»¹⁹. Бұлардың лексикалық мағынасы толық сақталған сөздерден бірігіп, тіркестің бүтін мағынасы сөз тізбегінің мағынасымен астарлас, образды, астарлы болады. Мәселен, ескі жараның аузын ашты дегеннен өткенді қайта қозғады, ұмытып кеткенді еске салды дегенді түсінеміз. Ал, өзбек тілінде: “сичқоннинг ини минг танга бўлди – қочиб қутилгани жой топилмай қолди, тепа сочи тикка бўлиб кетди – бир лаҳзанинг ўзида ниҳоятда ғазабланди” – дегенді түсінеміз. Бұл фразеологиялық мағынаның жасалуына, сөз жоқ, ең алғашқы еркін тіркестегі тура мағынасы негіз болған²⁰. Кейде фразеологиялық тұтастық пен арасында айырмашылық байқалмай тұратын фразеологизмдер бар. Мұндағы ескертетін нәрсе тұрақты тіркес мағынаның тек көнеленуіне байланысты түсіну керек. Мысалы: ит басына іркіт төгілу – “ағыл-тегіл, молшылық”. Сырт тұлғасы жағынан фразеологиялық бірлікке ұқсас, мағынасының тым көмескіленуінен фразеологиялық тұтастыққа да ұқсас. Жалпы алғанда фразеологиялық тұтастықтар мен фразеологиялық бірліктер сөздерге жанамалық қатыста жұмсалуына орай, көбіне бір топқа біріге береді. Мәселен, орыс тіл білімінде мұндай құбылысты Н.Шанский идиомалар немесе орамдар деп атайды. Қазақ тілінде де фразеологияның бұл екі тобы бір-біріне өте жуық тұрақты сөз тіркесі деп қарастырады. Фразеологиялық тұтастық пен фразеологиялық бірліктер фразеологиялық тізбектерден семантикалық табиғаты мен құрылымы жағынан өзгешеленеді.

Фразеологиялық тізбектер дегенімізге тоқталатын болсақ, “мағынасы жағынан құрамындағы сөздердің мағынасымен байланысып, тіркесу тұрғысынан орнығып тұйықталған сөз тіркестері”. Тілде сөздердің тіркесу қабілеті бірдей десем, қайсы бірі кез келген сөзбен тіркесіп белгілі бір ұғымды білдіруге бейім болса, енді бірі аз ғана сөздермен одақтасып, сонымен ғана тіркеседі. Тұрақты сөз тіркестерін сөздер тобы ғана жасайды. Кез келген сөз

¹⁹ Аханов К. Тіл білімі негіздері. Алматы, 2003.

²⁰ Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Дәуір, 2003. 72 бет.

тұрақты сөз тіркестерін жасай алмайды. Мысалы, бота көз, қоян жүрек, таң мойын, жел аяқ т.б.

Фразеологиялық тізбектің құрамындағы ерікті мағынадағы сөз сан алуан сөздермен тіркесіп жұмсалып қабілеті болса, фразеологиялық туында мағынадағы сөз бірді екілі сөзбен ғана шектеліп қолданылады. Мысалы, көк бет, қысыр көз деген фразеологиялық тізбектің құрамындағы бет, (жалпы бет, сопақ бет) сөз (аз сөз, бұрыс сөз, көп сөз) деген қыруар сөздермен тіркесіп қолданыла берсе, фразеологиялық мағынадағы көк сөзі бет сөзімен, сөз қысыр сөзімен ғана тіркеседі.

Фразеологиялық тізбектің сыңарларының бастапқы мағынасы онша ашық та айқын болғанымен, солғын тартып сезіліп тұрады. Мысалы, көз ұшында, көз жеткісіз, көзін тырнап ашқылы, көзі тірісінде т.б.

Қорыта айтқанда, фразеологизмдерді тілдік жүйедегі басқа да бірліктерден айырып, ажыратып тұратын релеванттық белгілер дегеніміз — үнемі мағыналық тұтастықта, тіркестік тиянақтылықта болып келетін, адамның көңіл-күй, ішкі сезім дүниесінің терең қатпарларына қозғау сала аларлықтай әсерлі, этнос бітімін, ұлт болмысын “образдар галлерейсы” іспетті бейнелейтін, сөзбен өрілетін ойды әуезділікпен әдіптей көмкеріп, оған аса бір көркемдік, нақтылық, ықшамдылық дарытатын тұрақты сөз тіркестерінің төлтума қасиеттері деген сөз.

II ТАРАУ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

II.1. Қазақ тілі сабақтарында инновациялық жаңа технологияларды ұтымды пайдаланудың жолдары

Инновация – жаңалыққа талпыну – бұл сән немесе еліктеушілік емес, катал шындық - өмір қажеттілігі. Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі. Үйретілетін тілдік материалдарға, жалпы оқу бағдарламасына өзгерістер еніп, бұрынғыға қарағанда күрделеніп, тілді үйретудің әдіс-тәсілдерінің де жетілдіріліп жатқаны да белгілі.

Қазір әдістеме ғылымында оқытудың жаңа технологиясы деген ұғым кеңінен қолданылуда. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланыста. Екеуінің де мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдары.

Инновация – дегеніміз білім, тәрбие жұмысына жаңалық енгізу, яғни, жаңа әдістемелік, амал-тәсілдерді, құрал-жабдықтарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды қолдану деп анықталған.

Бүгінгі таңда біздің міндетіміз – оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту үшін, жұмысымызды жаңашаландыру – жаңа технологияны енгізу. Бұл ұғым біздің өмірімізге берік еніп келеді, дегенмен оның мән-мағынасы туралы пікірлер сан алуан.

Технология грек сөзі, түсіндірмелі сөздікте бұл – қандай да болсын жаңа істегі шеберлік, өнерпаздың, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Технология инновациялық іс-әрекет оқытудың жаңа формалары, амалдарынан іздене отырып, белгілі бір уақытта алдыға нақты, тұжырымды мақсат қоя отырып, жоғарғы нәтижеге жетуді талап етеді. Жаңа педагогикалық технология ұғымы

тың, белгісіз, жаңа оқыту амалдары, іс-әрекеттерінен ізденуді, яғни, білім мен тәрбиеде ғылымның нәтижеге қол жеткізуі, жаңа ізденістерді оңтайлы пайдалану, сол арқылы жоғарғы көрсеткіштерге жету деген сөз. Жоғарғы көрсеткіш білім деңгейін шығармашылық деңгейге жеткізу. Осы мақсатта жұмыс істеу бүгінгі күн педагогтарының көкейкесті мәселесі. Олай болса, бүгінгі күні тіл тағдырына тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де көңіл бөліп, «тіл тағдыры – ел тағдыры» деген мақалдың мәніне шын үңілсек, оны оқыту дәрежесі де бізді ойландыруы тиіс.

Оқытушы сабақ беруде өз шеберліктерін шындап, дамыту үшін жаңа оқу технологиясының алуан түрлерін меңгеріп, оны өзінің күнделікті сабағында қолданып отыруы керек.

Студенттерді оқыту бұл бүгінгі күннің талабына ғана емес, ертеңгі күннің талабына да сай болуы керек. Бұл үшін оқу процесіне жаңа формалар мен оқыту әдістемелері, жаңа педагогикалық технологиялар енгізілуде. Кәсіптік даярлық, жаңа технологияларды пайдалана білу, әлемдік ақпараттық қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптасу, технологиялық жаңалықтарды пән қасиеттілігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатының бірден-бір жолы. Кез-келген оқыту технологиясы іс-әрекеттің, оқыту процесінің белсенділігін арттырады, жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталады.

Оқу процесіндегі негізгі инновациялық технологиялар :

- 1. Кейс –технология*
- 2. WEB технология*
- 3. Коммуникациялық технология*
- 4. Ақпараттық технология*
- 5. Интерактивтік әдіс технологиясы*
- 6. Мультимедия технологиясы*
- 7. Телекоммуникация немесе электронды оқыту технологиясы.*

Бүгінгі таңда мультимедиялық үйретуші бағдарламалар, электрондық оқулықтар білімді ақпараттандырудың негізгі факторларының бірі болып саналады.

Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі.

Технологияның тиімділігі, оның болашағы маманның психологиялық ерекшелігіне, іскерлігіне байланысты. Бұдан шығатын басты талап субъектінің мән бере оқуы, жеке бастың даму диагностикасы, жағдайларды жобалау, ойлы ізденістер диалогы, оқулықтағы тапсырмаларды өмірмен байланыстырып беру. Оқытушы көбінесе оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолданғаны жөн.

Оқыту технологиялары оқу процесіне, сабақ түріне байланысты жан-жақты: проблемалық оқыту, ойын арқылы оқыту, тірек сигнал арқылы оқыту, компьютерлік оқыту, электронды оқыту, коммуникативтік технологиялар, инновациялық оқыту, жаңа технологиялар бойынша оқыту.

Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпараттарды білуге жол ашады. Тыңдаушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдысын және олардың танымдық белсенділігін арттырады. Орфографиялық, лексикалық дағдыларын қалыптастырады. Компьютер әсіресе, тіл үйренушілердің әр түрлі тілдік жаттығу жұмыстарын орындау кезінде одан көп көмегін тигізеді. Негізінен мына әдіс-тәсілдер қолданылады:

1) Сұрақ-жауап диалогы, тапсырманың мәні компьютердің сұрағына тура жауап беру; сұрақ құрастыру үшін негізгі тілдік мәтін пайдаланылады.

2) Таңдап алынған жауаптар диалогы. Жауап беруші ұсынылған жауаптар тізбегінен өз жауабын таңдайды.

3) Бос орынды толтыруға арналған жаттығулар.

4) Сөздікті қаншалықты меңгергендігін бақылауға арналған жаттығулар: компьютер аударуды керек ететін сөздер тізімін ұсынады; орысша-қазақша

жазылған сөздер ұсынылады. Олардың ішінен дұрыс эквиваленттерін тауып, жұп құрау қажет.

Компьютер интерактивті оқытудың жоғарғы сатысын қамтамасыз етеді. Бұл жаттығу жасау барысында оқушының іс-әрекеті компьютердің үнемі әрі тез реакциясы арқылы жүзеге асады. Оқушылар жұмыс қарқының өздері белгілейтін болғандықтан, компьютерлік оқу өз бетімен оқудың принциптеріне толық жауап береді.

Әдіскер ғалымдардың зерттеу еңбектерінен мұғалім өзіне қолайлысын, оқушыға тиімдісін ала отырып, оны өз сабақтарында қолдану үстінде кәсіби шеберліктерін арттырып отыруы тиіс.

Оқу – тәрбие процесінде жаңа технологияның кейбір аспектілерін даралап көрсетуге болады:

1. Тыңдаушылардың оқу үрдісіне қызығушылығын тудыру.
2. Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, оны жетілдіру.
3. Кең көлемде дамытып, білімді терең игеруіне жағдай туғызу.
4. Білім сапасын көтеру.

Бүгінгі таңда мультимедиялық үйретуші бағдарламалар, электрондық оқулықтар білімді ақпараттандырудың негізгі факторларының бірі болып саналады.

Өйткені, компьютерді басқа құралдармен салыстырғанда оның басымдылығы жоғары:

- әр түрлі жұмысты тез және қысқа мерзімде орындай алуы;
- бейнелеу мүмкіндігінің жан-жақтылығы;
- дидактикалық мүмкіндігінің жоғары деңгейлігі.

Тіл меңгертуде компьютерді қолдану мынадай мүмкіндіктер береді:

- тіл үйренушінің өз бетімен жұмыс істей алуы;
- компьютердегі сілтемелерге сүйене отырып, өз іс-әрекетін өзінің басқара алуы;
- өз қатесін өзі тексеріп, өзі түзете алуы;
- тапсырмаларға қайта орала алуы;

Компьютерге үйретуші техника ретінде қарау, оны қазақ тілін үйрету үшін пайдалану мүмкіндігі оқыту үдерісін өзгертті және оқыту әдістемесіне түбегейлі түрде әсер етті. Психологтардың пайымдауынша, сабақта әр түрлі компьютерлік технологияларды пайдалану студентердің қызығушылығын арттырады және өз қабілетіне сенімділігін тудырады.

Ғалым Қ.Қадашева былай дейді: “Жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыту оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан - жақты пайдаланғанда ғана толық орындалады²¹. Бірақ оқытудың жаңа техникалық және электронды құралдарын тиімді пайдалану оқытушының шеберлігіне байланысты.

Бүгінгі күні мультимедиаға ұсынылған жаңа аудиовизуалдық техникалық құралдар әдістемеші қазақ тілі мұғалімдерінің тілді оқытуға жаңаша қарауын және өз әдістерінің жетілдірілуін талап етеді. Бұдан бірнеше жыл бұрын “оқытудың техникалық құралдары”, “лаборатория” ұғымы – ұнтаспа, оқу теледидарын пайдаланумен, лингафон кабинетіндегі сабақтармен немесе техникалық және нақты ғылымдар саласындағы зерттеулермен ғана байланысты болып келді, бірақ тілді оқытуда компьютерді, сондай-ақ интернет желісі ресурстарын пайдалануға ешқандай мүмкіндік болмады. Қазір қазақ тілін оқытушылардың қарамағында компьютерлік техниканы қолдануға негізделген ОТҚ-ның (оқытудың техникалық құралдары) бірнеше түрі бар. Ал мұндай күрделі техникалық жүйені меңгеру арнайы дайындықты қажет етеді.

Оқыту процесін оңтайландыру – жаңартылған компьютерлік бағдарламалар базасында оқу лабораторияларын жетілдіруді және де мемлекеттік тілді оқытуда ОТҚ-ның аталған түрін қолдану әдістемесін әзірлеуді қарастыру қажет. Әрине, жаңа компьютерлік бағдарламалар мен тұтас ақпараттық оқу кешенін әзірлеу бүгінгі отандық жоғары мектептердің ең өзекті қажеттілігі саналады. Алайда оны қанағаттандыру – қазақ тілін оқыту

²¹ Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. –А. 2000.

процесінде компьютерді қолданудың теориялық негіздерін түпкілікті білмейінше, мүмкін емес. Енді осы үдерістің теориялық негіздері мен әдістемелік қағидаларын сипаттап көрсетелік.

1. Қағидалардың бірі жеткілікті мөлшерде жалпылама, белгілі шекте әмбебаптық сипатқа ие болатындығы белгілі, енді біреулері өзінің қолданылу саласында жекелік (даралық) сипатта болуы мүмкін. Бұлар осымен байланысты, бәрінен бұрын, тар шеңберде ұсынылатын жалпылама әдістемелік қағидаларды дамытады, нақтылайды.

2. Олардың қолданылуы қазіргі кезде мультимедиаға ұсынылған белгілі компьютерлік бағдарламалардың көмегімен қазақ тілін оқытудың нақтылы, қиын ерекшелігі саласымен шектелетін де әдістемелік қағидалар бар: тілдік жүйенің кейбір жекелеген қырын және де сөйлеу қызметі түрлерінің бірін оқыту қағидасы немесе мемлекеттік тілді оқыту негізінде оқу құралдарының айрықша маңыздыларын пайдалану.

Оқытушы қазақ тілі сабағында компьютерлік презентацияларды, дыбыс және бейне материалдарды, слайдтарды, қарапайым және күрделі анимациялы графикалық объектілерді пайдалана алады.

Желілік технологиялар мен мультимедиялық үйретуші бағдарламаларды пайдалану тіл үйретудің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, психологиялық тұрғыдан компьютердің көмегімен тіл үйренушінің қызығушылығын, ынтасын арттыруға және әрбір жұмыс барысында қысылмай, өз білімін еркін қолдануына мүмкіндік болады. Мультимедиялық үйретуші бағдарлама тіл үйретуде өте тиімді. Тіл үйренушінің психологиялық, тілдік кедергісін жоюға көмектеседі. Оқыту жүйесіне енгізілген жаңа технология оқытудың тұлғасына, мазмұнына және әдістемесіне әсерін тигізеді. Ол оқытудағы уәждемені және оқыту үдерісіндегі дидактиканы күшейтеді.

«Мультимедия» латын тілінен аударғанда «көп орта» дегенді білдіреді.

Мультимедия- толық зерттелмеген оқытудың өте қиын технологиялық құралы. Оқыту барысын ұйымдастыруда оқытушының міндеті – жаңа технологияларды ұтымды пайдалану.

Мультимедиялық технологиялар оқытудың дәстүрлі қағидаларымен сабақтастықта болуы керек.

Мультимедия – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарды пайдаланып интерактивті бағдарламамен қамтамасыз ету. Мультимедия –бұл мәтінді, дыбысты, бейнені т.б. біріктіріп пайдалану. Мультимедия – бұл ақпараттық – технологиялық гипертексті құрылым.

Мультимедиялық үйретуші бағдарламалар тіл үйретуде өте тиімді.Тіл үйренушіге көріп және есту арқылы есіне сақтауға, таныс емес сөздерді ұғынуға көмектеседі. Әдіскер-ғалым Қ.Қадашева былай дейді: «Тыңдап-түсіну, көріп-байқау құралдарын қолданғанда сабақтың негізгі үш түрі айқындалады:

- оқулық бойынша өтілетін материалды бекіту және қорытынды;
- өмірдегі шындықпен жақындастыру және танымын арттыру;
- үйренушінің қабілет белсенділігі қызметіндегі сөйлеуді жандандыру²².

Қазақ тілін оқытудың мультимедиялық үйретуші бағдарламасы оқушылардың қандай да бір сұрауларына жауап бермесін, мемлекеттік тілдегі оқу-тәрбие процесінің әрбір бөлігінде сол немесе өзге жаттығу жұмыстары көлемі немесе ұзақтығына байланысты басты назарда болады. Тек дұрыс құрастырылған жаттығулар топтамасы ғана оқыту процесін мақсатты, коммуникативті және нәтижелі етеді.

Жаңа технологияның көмегімен мемлекеттік тілді оқытудың әрбір кезеңінде шешуші фактор болып табылатын ауызша жаттығуларға толы болуы керек. Мұны елемей оқытылып жүрген тілді практикалық игеру жолында бөгет болатын дайындық және тілдік жаттығуларының күштеп тықпалануына әкеп соғады. Алайда мұндай көзқарас дайындық

²² Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. –А. 2000.

жаттығуларының орындалу қажеттілігін теріске шығармайды, бірақ, біріншіден, олардың негізгі үлесі ауызша жаттығулармен салыстырғанда өте аз болады, ал, екіншіден, кез келген дайындық жаттығуларының орындалуын коммуникативтік мақсатқа жету үшін танылған құбылыстың тілде қалай қызмет атқаратынын көрсетумен аяқтау керек.

Мемлекеттік тілді меңгеру саласында оқыту деңгейіне жету, негізінен, жаттығу жұмысы кіретін жаңа тілдік стереотиптер құру қажеттілігімен байланысты. Тек бірыңғай тілдік бірліктер мен олардың комбинацияларының бірнеше рет қайталануының нәтижесінде ғана оқытылатын тілдік қатынас құралы ретінде қолданылатын мықты іскерлік пен еп-дағдылары жасалады.

Қазіргі заман талабына сай әр түрлі техникалық құралдармен жабдықталған кабинеттерде тіл үйретуді талап етеді. Сондықтан, мультимедиялық кабинеттерді, интерактивтік тақтаны пайдалану бұл - заман талабы.

Мультимедиялық кабинеттерде интерактивтік тақтаны қолдану біріншіден, көп тыңдаушыларды қамтуға екіншіден, танымдық үдерісті жандандыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл - өз алдына интерактивтік желілік оқытудың синхрондық моделінің баламасы. Қазіргі заманға сай мультимедиялық дәрісханалар негізінде тілді жеделдетіп үйретудің әдістемесі, «Қазақ тілі» мультимедиялық үйретуші бағдарлама әзірленуде.

Мультимедиялық үйретуші бағдарлама өзгетілді дәрісханаларға 100 сағатта мемлекеттік тілді жеделдетіп үйретуге арналған. Мультимедиялық үйретуші бағдарламада тіл үйретудің бастапқы деңгейіне қажетті материалдар 20 сабаққа жинақталған. Әр сабақта өз бетінше орындайтын материалдар, тест тапсырмалар, аудиоматериалдар, бейнематериалдар ұсынылады. Бұл тыңдау мен сөйлеу дағдыларын жылдамдатады, таныс емес сөздерді ұғынуға көмектеседі. Тіл үйренуші түсінбеген материалына қайта оралу мүмкіндігі бар.

Мультимедиялық үйретуші бағдарламаны, интерактивтік тақтаны, сөйлесу сеансын бірге пайдалану оқытушы мен тыңдаушы

арасындағы бірыңғай ақпараттық кеңістікті құруға мүмкіндік береді. Бұл – оқыту уақытын азайту, оқу үдерісін бақылау, және оқыту сапасын арттыру.

Жаңа технологияларды сабақта қолдану тіл үйренушінің танымдық қызметін қалыптастырады, белгілі бір мәселелерді шешуде өз бетінше әрекет жасауына ықпал етеді. Ең басты мақсат- тілді үйрену, меңгеру дағдысын қалыптастыру.

Ғалым Қ.Қ.Қадашева былай дейді: «Тілді жаңаша жаңғыртып оқытуда оқытушы-түсіндіруші, ал үйренуші-тыңдаушы немесе оқытушы-үйренуші деген ұғымды мүлдем жояды. Оқытудың бұл түрінде тіл үйренуші оқыту объектісінен білімді меңгеруші, өзі тілді үйренуді іске асыратын субъект қызметіне көшеді»²³. Яғни, оқытушы бақылаушы бағыт беруші ролінде болады. Тілді жаңаша жаңғыртып оқытуда талап та, қарым-қатынас та өзгереді. Кез келген оқыту технологиясы іс-әрекеттің қарқындығы мен белсенділігін арттырғандығымен де, кейбір технологияда бұл құралдар басты идеяны және нәтиже тиімділігінің негізін құрап, жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталған. Олар: проблемалық оқыту технологиясы, коммуникативтік технология, дамыта оқыту технологиясы, пікірсайыс, ойын әдістері т.б.

Сонымен қатар қазақ тілін үйретуде оқыту әдістемесінің сапасын арттыру үшін жоғары белсенділікті дамыту әдістемесін де қолдануға болады.

Ғалым Т.Левандовский интеракцияның қарым-қатынас жасау үрдісінің синоним ретіне сипаттайды. Бұл әдіс әсіресе, сұхбат құруда тыңдаушылардың белсенділігін арттырады. Топ болып, жұп болып жұмыс істеуге үйретеді.

Интерактивтік әдіспен сабақ өткізгенде оқытушы кеңесші ролін атқарады. Тіл үйренуші ізденуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренеді, тілге деген қызығушылығы артады, яғни өз қажеттілігі үшін үйренуде ынтасы оянады. Оқытушы өзге тілді үйренуде маңызды болып табылатын тыңдаушы

²³ Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. –А. 2000.

мен тыңдаушының арасындағы интеракцияны қалыптастыруға жағдай жасайды.

Оқытушы жұмысты ұйымдастыра білуі қажет: мақсат қою, жұмысты жоспарлау, тапсырманы бөлу, тыңдаушылардың әрекетін бақылау және бағалау, оқытушы тыңдаушының кеңесшісі болады. Жұмысты ұйымдастырып, топқа бөліп, әр топқа тақырып беріп, оларды талқылау көзделеді. Келесі әр студентке жеке-жеке тапсырма беру, одан кейін жұптық тапсырмаға әр түрлі жағдаяттық тапсырмалар немесе сұхбат т.б. беруге болады. Соңында бүкіл топ өз жұмыстарының нәтижесін талқылайды, бір-бірін бағалайды.

Белгілі ғалым Оразбаева былай деп көрсетеді: <...тілдік қатынасты игеру тек тілдік ортаға қатысты тақырыптарды соған сәйкес лексикалық минимуммен сөйлеу үлгілерін сөйлем әрекеттерін үйретумен іске асады. Тілдік қатынас ешуақытта грамматиканы жеке үйретумен жүзеге аспайды. Адамға қажет тақырып, сөйлем, тұрақты тіркес, мәтін арқылы ұсынылып, грамматика сол тілдік қатынастың қажетіне қарай сұрыпталғанда ғана нәтиже береді»²⁴

Жаңа әдістерді пайдалануы – бүгінгі күннің талабы. Жаңаша жаңғыртып оқыту, интерактив әдістер, жаңа технологиялар тіл үйренушінің танымдық, білімдік белсенділігін тудыруға, уәждемесін тудыруға бағытталған. Қазақ тілін үйренуде бұл әдістер арқылы елеулі нәтижелерге жетуге болады. Бірақ бұның бәрі оқытушының шеберлігіне байланысты, оқытушы үнемі ізденісте болуы қажет.

II.2. Фразеологизм тақырыбын оқытуда қолданылатын ұстанымдар

Қазақ тілін оқыту әдістемесі лингвистика, логика, педагогика, психология ғылымдарымен тығыз байланысты. Жаңа технологиялар арқылы тілді оқыту кезіндегі жүргізілетін әдістемелік жұмыстар лингвистикалық негізде іске

²⁴ Оразбаева Ф.. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. –А. 2001.

асырылады. Тіл ғылымының үздіксіз дамуы нәтижесінде әдістеме ғылымы жетіліп, байып отырады. Қазақ тілі курсы лингвистика ғылымына жаңадан енген теориялар және тілдік фактілер арқылы дамиды. Дамыта оқыту технологиясының жүзеге асуына негіз болатын қатысымдық тұлғалардың бірі – тұрақты тіркестер. Тұрақты тіркестер өзіндік қолдану ерекшеліктеріне қарай, ойды жеткізуде, құбылысты суреттеуде, жағдай баяндауда мәтінге ерекше бейнелілік пен әсерлілік әкеледі. Тұрақты тіркестер кез келген халықтың басқа ұлттан өзіндік бітім-болмысын айқындайтындай әр халықтың рухани мәдениетінің дамуына әсер ететін қатысымдық тұлға болып табылады. Дамыта оқытудың жаңа технологиясын шешуге негіз болатын қатысымдық тұлғалардың бірі – сөйлем. Сөйлем – тілдік қатынастың жүзеге асуына тікелей себепкер болатын ең қажетті тұлға. Сөйлем тілдік тұлға ретінде тиянақты ойды білдірсе, қатысымдық тұлға ретінде ойды білдіріп қана қоймай, адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын сөйлеу құралы ретінде қолданылады. Тұрақты тіркестер – бөлінбес бөлшек екен. Бұл қағидалар бойынша, тұрақты тіркестер құрамындағы сөздер жеке-жеке талданбайды, жеке сөздің мағынасы ажыратылмайды. Оның құрамындағы сөздер бөлек аударылмайды, яғни әр сөз жеке тұрып мағына бермейді, құрамындағы сөздер тіркесі тұтас мағына береді. Мысалы, ит арқасы қиянда, жауырды жаба тоқу, тіл тигізді, қас пен көздің арасында тағы сол сияқты.

Алайда кейде бұл қағидаға сәйкес келмейтін тұстар да болады. Олай болса бөлінбес бөлшек қағидасына шек келтіруге болады екен. Яғни «тұрақты тіркестер құрамындағы сөздерді жеке талдауға болмайды» деген дәстүрлі ұғымды қатып қалған қағидаға айналдыруға болмайды деген сөз. Өйткені кей фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің жеке мағынасын ашуға тура келетін жағдайлар да болады. Бұндай талдау жасалмай кей тіркестердің дәл мағынасын ашып беру қиындық туғызады. Сол себепті кей фразеологизмдерді дұрыс түсіну үшін құрамындағы сөздерді талдау керек болады.

Фразеологизмдерді тиімді оқытудың бір жолы – оның құрамындағы мағынасы күңгірт тартқан сөздердің мағынасын ашу және түсіндіру арқылы

оқыту. Өйткені қалың жұртшылық, оның ішінде жастар мен оқушылар күнделікті өмірде қолданылып жүрген мақал-мәтелдерде, тұрақты тіркестер құрамында бұл күнде аса көп қолданылмайтын, мағынасы күңгірт тартқан немесе мүлдем түсініксіз сөздер көптеп кездеседі. Оқушы тұрақты тіркесті жиі қолданып жүрсе де ондағы сөздерді дұрыс түсіне алмай дал болады. Кей кезде сол сөздерді түсінбегені үшін тұрақты тіркесті орынды жерінде қолдана алмайды немесе мағынасы күңгірт тартқан сөзді оған ұқсайтын басқа сөзбен алмастырып қояды. Оқытушы болса сол мағынасы күңгірт тартқан сөздердің мағынасын ашып бере алса, онда оқытылып жатқан фразеологизмдердің толық мағынасы ашылады. Осы негізге сүйене отырып, бұл жұмыста сөз төркінін білу арқылы фразеологизмдердің мағынасын түсіндірудің оңай жолдары көрсетілген.

Оқушылардың сөздік қорын байытуда сөз мәйегі болып саналатын фразеологизмдерді меңгертудің орны ерекше.

Оқушыларға тілді меңгерту сапасын арттырудың бір жолы — олардың сөздік қорын фразеологизмдер арқылы жетілдіріп, сөйлесім әрекетінде орынды қолдануға төселдіру. Өйткені фразеологизмдер — тілдік қатынастағы аса маңызды қатысымдық тұлға болып саналады және оқушылардың сөздік қорының фразеологизмдермен толығуы олардың ойлау қабілеті мен сөйлеу мәдениетін жетілдірудің тетігі болмақ. Фразеологиялық сөздіктерді жүйелі пайдалану оқушыларды бейнелі ойлауға, тілдік талғамын қалыптастыруға ықпал ете отырып, олардың көркем тілмен сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушы сөздік жұмысын дұрыс, жоспарлы, жүйелі жүргізу үшін, алдымен, көркем әдебиеттен, шығармалардан, жаттығулар жинағынан, оқулықтан мағынасы түсініксіз фразеологизмдерді теріп алып, оларды түсіндірудің әдісін алдын-ала жоспарлап, ойластырғаны жөн. Сөздік жұмысын ұйымдастыруда оқушыларды өз бетімен фразеологизмнің мағынасын талдай білуге, оларды қолдануға жаттықтырып отыруы қажет.

Фразеологизмдерді меңгертуде оның лексикалық және грамматикалық мағыналары өзара сабақтастықта зерделенді. Бұл мәтіндерді лексикалық және грамматикалық талдау кезінде, жаттығу жұмыстарында фразеологизмдердің мағынасын сөздік арқылы түсіндіру нәтижесінде жүзеге асады. Мысалы: *Ат құйрығын кесіп кету; Айна қатесі жоқ; Айтқанына көндіріп, айдауына жүргізу* деген фразеологизмдердің мағыналарын түсіндіру үшін олардың біртұтас лексикалық мағынаға ие екендігі, олардың бір ғана сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болатыны меңгертіледі. Сөздік қордағы әрбір фразеологизмдерді қатысым әрекетінде қолдану үшін оқушылардың сөйлеу қабілетін дамыту оқушылардың сөздік қорындағы фразеологизмдерді мағыналарына қарай іріктеп, оларды басқа сөздермен орынды байланыстырып, өз ойын дұрыс, толық жеткізе алуына көмектеседі.

Оқушыларға фразеологизмдер арқылы оқыту үдерісінде тәрбие мен білімді ұштастыра беру бес бағытта жүргізілгені дұрыс деп тұжырымдалды: **1)** фразеологиялық тіркестің мәнін түсіндіре отырып, оқушының мінез-құлқын тәрбиелеуде оған қоршаған ортасымен қалай қарым-қатынас жасау қажеттілігі, құбыластарды танудың негіздері үйретілуі керек; **2)** ақыл-ой тәрбиесін беру үшін фразеологиялық сөздікпен жүргізілетін түрлі оқу тапсырмалары арқылы оқушыларды терең ойлауға, өзіндік шешім қабылдауға, өзінің ісін болжай алуға үйрету қажет; **3)** оқушыға ұлттық тәрбие беру үшін халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл мұраларының, салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарының озық үлгілерін қамтыған фразеологизмдерді іріктеу оқушының бойына адамгершілікті сіңіру үшін ұтымды құрал болуы қажет; **4)** тәрбие беру үдерісінде фразеологизмдердің мағынасын түсіндіру түрлі іс-әрекеттердің адамзатқа жат жақтарынан жиренуге, адами іс-әрекеттерге үйретуге бағытталуы тиіс; **5)** тіл арқылы эстетикалық талғам тәрбиелеу үшін оқушыларға түрлі шығармаларды оқыту барысында сөздік қорын байыту арқылы дұрыс сөйлеу, сөйлеу нақыштарын сақтауда, ойын анық жеткізуде фразеологизмдерді меңгертуге басымдылық беру керек.

Фразеологизмдерді оқыту барысында оларды қатысымдық әрекетте қолдану үшін жаттығулармен жұмыс істеу қажет.

I. Тапсырмалар жүйесінде:

- 1. Ізденімдік тапсырмалар.*
- 2. Тіл дамыту тапсырмалары.*
- 3. Зерделілік тапсырмалар*

II. Жаттығулар жүйесінде:

1. Дайындық жаттығулары.

- А. Сөйлем құрастыруға арналған жаттығулар;*
- Ә. Керекті фразеологизмдерді табуды талап ететін жаттығулар.*

2. Шығармашылық жаттығуларда:

- А. Фразеологизмдермен диалог құрастыру;*
- Ә. Фразеологизмдердерді қатыстырып мәтін құрастыру;*
- Б. Фразеологизмдерді қатыстырып сипаттама жасау.*

1. Ізденімдік тапсырмаларда оқушыларға құрамында **жігер** сөзі бар фразеологизмдерді табу тапсырылады. Оқушылар фразеологиялық сөздіктен мынадай фразеологизмдерді тауып жазады:

Жігері жоқ — ынта-талабы, қайрат-қажыры жоқ.

Жігері құм болды — діңкесі құрып, жасып қалды; тауы шағылып, бармағын тістеді, қынжыла күйінді.

Жігерін жасытты, жігерін құм етті [құм қылды]-бетін қайтарды, еңсесін түсірді.

Жігерін жегідей жеді — азаптанды.

Жігері тасыды – қайраттанды, қажырланды.

Бұндағы тапсырманың тиімділігі фразеологиялық сөздікпен жұмыс жасау арқылы оқушылар құрамында **жігер** сөзі бар фразеологизмдердің мағынасын анықтап, **жігер** деген сөз – «күш-қуат» деген мағынада пайдаланытынын анықтау арқылы сөздік қоры молайып, оқушының қазақ тілінде қатысым әрекеттері дамып, сөз мәдениеті қалыптасады.

2. Шығармашылық жаттығуларда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырады. Олар фразеологизмдермен диалог, мәтін құрастыруға, сипаттама жасауға үйренеді.

Тапсырманың тиімділігі: оқушының қазақтың салт-дәстүрлерімен: *беташар, шілдеhana, бесікке салу, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндетке отырғызу дәстүрлерімен* таныса отырып, олардың мағынасын фразеологиялық сөздіктен анықтап, біліп, осы фразеологизмдерді қатыстырып диалог құрастыруға дағдыланады. Осы мәліметтер оқушының ойлау қабілеттерін қалыптастырады.

Фразеологизмдердің мағынасын түсіндіруде шығармаларға сүйену, оны пайдалану жақсы нәтиже беретіні сөзсіз. Бірақ ол барлық жағдайда мүмкін бола бермейді. Сондықтан фразеологизмдерді түсіндіруде оның қолданыстағы нақты мағынасын бір сөзбен түсіндіру қолданылады. Оның өзі түрліше жүзеге асады:

1.Синоним сөзбен түсіндіру; көзді ашып, жұмғанша – тез, жылдам; үріп ауызға салғандай — әдемі. Мұндағы тез, жылдам әдемі сөздері оқушыға бұрыннан таныс;

2.Фразаны сипаттап түсіндіру қолданылады. Түйеден түскендей – дөрекі сөйлеу, қолайсыз, орынсыз, сыйламай сөйлеу; бүйрегі бұру – жақын деп қарау, мәселені жақын адамға бұра шешу т.б.

Фразеологизмдерді үйрету арқылы оқушының сөздік қорын байытумен бірге, оларды белсенді сөздік қорға айналдыру жұмысы жүргізіледі. Фразеологизмдерді түсіндірумен бірге оқушыда оны қолдану дағдысы қалыптастырылады. Оқушыда фразаларды қолдану дағдысы қалыптаспаса, сөздер ұмытылады, оларды білсе де, сөйлеуде қолдана алмайды. Сондықтан да фразаларды қолдану дағдысын қалыптастыру мемлекеттік тілді оқытуда белгілі орын алуға тиісті.

Фразеологизмдерді оқушының қолданыс сөзіне айналдырудың мәні зор. Тұрақты сөз тіркестерін жеткілікті үйрету, оның сөйлеуде қолданылуына дағдылану оқушының сөздік қорын байытумен бірге, оның қазақша сөйлеуіне

көркемдік әсерін береді, оның сөзіне әсерлілік туғызады. Оқытушының қазақша сөйлеуі неғұрлым көркем, шебер болса, оқушының қазақша сөйлеуге ынтасы артады. Өйткені оның қазақша шебер сөзі оқушыға күшті әсер етеді де, оқушыны қызықтырады. Сөйлеуші мен оқушының арасында өте жақсы қарым-қатынас туады. Бірін-бірі түсіну, жақсы қабылдау сияқты психологиялық жағымды жағдай орын алады. Бұндай жағымды әсер екі жаққа да өте пайдалы, ол оқушыны қазақша сөйлеуге ынталандырады.

Мақал-мәтелдер де тұрақты сөз тіркесіне жатады, бірақ олардың ерекшеліктері мол, ұқсастықтары да бар. Мақал-мәтелдер құрамы жағынан күрделі, мазмұны жағынан игі қасиеттерге үндеу, тәрбиелеу, жақсылыққа уағыздау мәнінде болатыны белгілі. Ал ол өмір шындығынан қорытылған. Өмір шындығы халыққа көбіне ортақ болғандықтан, мақал-мәтелдердің халықта ортақтығы, ұқсастығы мол. Тұрақты тіркестерді оқыту, түсіндіру жолдары мен тәсілдерінің бірсыпырасы мақал-мәтелдерді оқытуға да ортақ деп қарауға болады.

Оқушының фразеологизмдердің ойды бейнелі берудің аса ұтымды құралы екендігін сезінуі оны көркем сөйлеумен, тіл мәдениетімен, сөз әдебімен сабақтастықта түсінуіне, түпкі нәтижесінде өзінің және өзгелердің сөйлеу тіліне талғаммен қарауына және қатысымдық дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді. Бұл әдістемелік жүйе оқушылардың сөздік қорын байытып, олардың қазақ тілі туралы дүниетанымын кеңейтуде, оны көркем сөйлеуге төселдіруде маңызды рөл атқарады.

III ТАРАУ. ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ОҚЫТУДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

III.1. Фразеологизмдерді сын тұрғысынан ойлау (креатив) технология арқылы үйрету

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға жетелейтін құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы.

Бүгінгі Жаңа Өзбекстанда білім беретін мектептер оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық- педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог – зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Әдіс пен тәсіл – бір нәрсе емес, олардың өзіндік ерекшеліктері бар. Біздің пайымдауымызша, әдіске ортақтық, жалпылық қасиет тән де, ал тәсілге жекелік қасиет тән, басқаша айтқанда, әдістің тынысы кең, ортақтық сипаты бар, қандай пәнді болмасын оқыту үстінде кәдеге жарап отырады. Бірақ мұнда бір ескеретін жайт, жоғарыда аталған әдістер пәннің ерекшелігіне қарамастан талғамсыз қолданыла береді деген пікір тумаса керек, пән ерекшелігін негізге

ала отырып, ретіне қарай саралап, талғап қолдану мұғалімнің ақыл-ой парасаты мен тапқырлығына, шеберлігі мен алғырлығына тікелей байланысты.

Сонымен, оқыту әдістері дегеніміз – барлық пәндерге ортақ оқу мен оқытудың жолдары да, ал оқытудың тәсілдері дегеніміз - белгілі бір пәннің немесе тақырыптың жеке мәселелерін тереңірек игерту үшін қолданылатын айла-амалдар.

Әдіс пен тәсіл осындай белгілері арқылы бірінен-бірі ерекшелінеді, бірақ бұған қарап, бұлардың арасында ешқандай байланыс жоқ деген тұжырым жасауға болмайды. Тарихи тұрғыдан алып қарайтын болсақ, қазіргі кезде танымал болған әдістеріміздің бірқатары тәсілдердің негізінде қалыптасқан. Білімі мол, тәжірибесі жеткілікті алғыр мұғалімдердің ой елегінен өтіп, тәжірибеде оң қолданыс тапқан болашағы мол тәсілдер сол қалпында қалмай, жекелік қасиеттен жалпылық, ортақтық қасиетке ие болып, әдістер мазмұнына сай деңгейге көтеріліп отырған. Қысқасы, сапалы, мәнді, оңтайлы тәсілдер кейіннен барлық пәнге ортақ әдіске айналып отыруы- заңды құбылыс. Өз пәнін терең, жан-жақты білетін және оны шексіз сүйе білетін мұғалім оқыту тәсілдерінің алуан түрлерін кеңінен қолдана алады. Елімізде оқу қазақ тілінде жүретін сыныптардағы ана тілі, сабағының сапалы өтуі де мұғалімнің орынды қолданылған тәсілдеріне тікелей байланысты. Мәселен, қазақ тіліндегі лексикология саласындағы тұрақты тіркестерді оқу қазақ тілінде жүретін сыныптарда оқыту барысында сабақтың мазмұнын жетілдіріп, оқыту желісін түрлендіріп отыратын мынадай тәсілдің түрлерін тәжірибеде тексеріп, оның пайдалылығына көзіміз жетті: сұраққа жауап жазу; берілген сөздерді өзара тіркестіру; сөйлем құрастыру; көп нүктенің орнына тиісті тұрақты тіркестерді қоя білу; олқы сөйлемдерді толықтыру; тұрақты тіркестерін негізге ала отырып сөйлемдер құрау; дайын мәтіннен тұрақты тіркестерін таба білу, олардың түрлерін ажырату; тұрақты тіркестердің мағынасын айқындау; әңгіме құрастырып жазу; кім көп біледі деген мақсатта мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер жарысын ұйымдастыру; өлең, мәтіндер

жарысын ұйымдастыру; жұмбақтар жарысын ұйымдастыру; мәтіннен тұрақты тіркестерді тауып, олардың түрлеріне үйлесімділік қасиеттерін айқындау; телефонмен сөйлесу ойыны; мәнерлеп оқу жарысы; бір-бірінің баяндау жұмысын сынау, бір-бірінің жазу жұмыстарын сынау, бағалау; қазақ тіліндегі фразеологизмдерді пен өзбек тіліндегі фразеологизмдердің ара қатынасын айқындау, мысалдар жазу және айту, толықтыру; сөздерді мағыналық жағынан қарама-қарсы қоя білу; сөздікпен жұмыс; сұрақ қоя білу; пікір айту; фразаларды хормен оқу; өздері күнделікті көріп, біліп жүрген оқиғаларды баяндау; мәтіннен фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек, фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық сөйлемшенің жасалу жолдарын үйрену және аталған фразеологизмдердің төрт түрлеріне мысалдар келтіру; басқа сөз таптаптарынан болған және тұрақты тіркестерге тіркесіп тұрған қозғалыс әрекетін білдіретін етістікті фразеологизмдерді таба білу; өздігінен тұрақты тіркестер негізінде сөйлемдер құрау; фразеологиялық тұтастық пен тізбектер негізінде сөйлемдер құрау; қимыл-әрекетті пайдалана отырып түсіндіру тәсілі, сурет бойынша сөйлемдер құрау; шағын мазмұндама жазу; әр тұрақты тіркестердің және қимыл-әрекеттің иесі болып рөлдер ыңғайында сөйлемдер құрау, т.б. Осы аталған тәсілдердің қандай түрі болмасын қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерін игеруге бағыттталып отыруы қажет.

Сөйлей білуге машықтандыратын ұтымды жолдардың бірі – жаттығу жұмысы. Жаттығулардың тиімділігі – оқушылардың сөйлей білу дағдыларын қалыптастыруға пәрменді ықпал жасайды. Психологтардың айтуына сүйенетін болсақ, дағды мақсатты, саналы қайталаудың негізінде қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, сабақта пайдаланылатын оқу материалдары тартымды, оқушылардың таным қабілетін арттыратындай, ойлау дәрежесін жетілдіретіндей болуы қажет.

Оқу қазақ тілінде жүргізілетін мектептерде оқитын балаларға ана тілін игеру жеке сөздерді соның ішінде тұрақты тіркестерін жаттату ыңғайында болмай, кішігірім, келе-келе күрделі сөйлемдерден сұрақтарды, сондай-ақ

тұрақты тіркестерге тән тұлғалық көрсеткіштерді тірек ету ыңғайында меңгерту қажет.

Мұндай жолмен игерту қиынға соға бермейді, өйткені тұрақты тіркестерден сұрақтар қою арқылы тапқызу әрі оқыту төменгі сыныптардан басталады. Жоғарыда айтқандай, оқу қазақ тілінде жүретін мектептерде оқитын балаларға ана тілін оқытудың негізгі мақсаты-оқушыларды сөйлей білуге, өз пікірін өзгеге жеткізе білуге, тілдік қорын дамытып, қазақ тілін қатынас құралы ретінде жұмсай білуге үйрету. Міне, осы тұрғыдан келгенде қазақ тілін мектептерде оқытудың тиімді жолдарын төмендегіше саралауға болады:

1.Оқыту әдістері: түсіндіру, сұрақ-жауап, иллюстрация-демонстрациялау, мәтін бойынша оқыту, тексеру, бағалау.

2.Оқу әдісі: аударма, сөйлем және сөзді толықтыру, қайталау, жаттығу, бақылау, дағдыны қалыптастыру.

Әдіскер-ғалымдар оқыту әдістерін топтастырғанда, негізінен, үш түрлі белгіні негізге алады. Олардың бірқатары оқытушы мен оқушының іс-әрекетін негізге алса, енді бірқатары оқу материалының мазмұнын негізге алған, ал енді басқалары мұғалімнің шығармашылық зерттеу әдістерін тірек еткен. Біз оқыту әдістерін топтастыруда осылардың ішінен оқытушы мен оқушының іс-әрекетін негізге алу ұстанымын орынды деп білеміз, өйткені оқыту ісіндегі негізгі мақсат – таным-білімді игеру және игерту, бұл – оқытушы мен оқушының іс-әрекетінен тұрады.

Тұрақты сөз тіркестерді мектепте оқыту мәселесіне келетін болсақ өте күрделі мәселелердің бірі. Алайда шын шебер бола алған мұғалім мұның үддесінен шыға алады деп ойлаймын. Әрине бұл жоғары білімділікті талап етеді. Тұрақты сөз тіркестерін мектепте дамыта оқыту технологиясының міндеттерді шешуге тиімді болатыны, технологияның негізіне жазу теориясы алынумен байланысты деп анықталды. Зерттеуімізге орай ең алдымен фразеологизмдер туралы қысқаша түсінік беріп өтейік.

Қазіргі қазақ тілінің фразеологиясы тұрақты сөз тіркестерін зерттейтін лексиканы жеке бір саласы. Фразеологизмдер үшін ең басты анықтама олардың тұрақты, даяр қалпында, қолданылуы. Мысалы, *ит өлген жер – алыс, тайға таңба басқандай – анық, жел аяқ – жүйрік, арқаны кеңге салу – асықпау* т.б.

Фразеологияның түрлерін біреу мағынасына, енді біреу құрылымына, үшіншісі – қызметіне қарай топтастырып, әркім әр түрлі классификациялайды. Академик В.В.Виноградов фразеологизмдерді құрастырушы сыңарларының өзара қатысы жағынан алып, фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек деп үшке бөлсе, Н.М.Шанский төртінші етіп фразеологиялық сөйлемшені қосады. К.Ахановта осы төрт түрін мақұлдайды. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді арнайы зерттеген І.Кеңесбаев фразеологиялық түйдек және фразеологиялық тізбек деп екіге бөледі. Барлығын жинақтай келе І.Кеңесбаев фразеологиялық түйін тіркесі – В.В.Виноградовтың фразеологиялық бірлігіне, түйіс тіркес – фразеологиялық тізбегіне, мақал-мәтелі – сөйлемшеге келеді. Сол сияқты фразеологизмдердің мақал-мәтелдерге қатысы, фразеологиялық антонимдер, фразеологиялық синонимдер, фразеологиялық омонимдер деп бөліп қарастырамыз.

Фразеологиялық тұтастық – құрамындағы сөздер бір-бірімен әбден тұтасып, жымдасып кеткен, олардың мағыналық жігін ешқандай ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер. Мысалы, *жеті қараңғы түнде, ала жібін аттамады, мұрнынан шанышылып жүр, мұрнына су жетпеді, аттың жалы, түйенің қомында* т.б.

Фразеологиялық бірлік – тұтастық сияқты мағына жағынан тұтас тұрақты тіркес. Бірақ мұнда құрастырушы сыңарларының мағынасы жойылмаған, тек солғындап, біртұтас ауыспалы мағынада қолдану. Мысалы, *төбе шашы тік тұрды, езуі екі құлағында, жегені желім, пышақ кескендей тиылды, мойнына су құйылып отыр, ескі жараның аузын ашты, ит байласа тұрғысыз, көз көрмес, құлақ естімес* т.б.

Фразеологиялық тізбек – фразеологизмнің бұл түрі еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолдану арқылы пайда болған. Мұнда еркін сөз бен фразеологиялық сөздің тіркесінен жасалады, сол тізбек күйінде қолданылады. Мысалы, *тар заман, қоныс тепті, қонақ асы, бота көз, қоян жүрек, асқар бел, тоң мойын, сойдақ тіс, қауға бас, оймақ ауыз, ала қол, кең қолтық, жуан жұдырық, көзі тірісінде* т.б.

Фразеологизмдер құрылым-құрылысы жағынан екі топқа бөлінеді.

1) Құрылым-құрылысы сөздердің белгілі бір тіркесі болып келетін фразеологизмдер. Мысалы, *шақша бас, қарақат көз, ашық тауыз, ала қол, бүйрек бет, қалқан құлақ, мұрты шағылмаған, саусақпен санарлықтай, кең иықты, ат жақты, тісін басты* т.б.,

2) Құрылым-құрылысы жағынан сөйлемге тең фразеологизмдер. Мысалы, *үш ұйықтаса, ойда жоқ, көңілі су сепкендей басылды, аяқ-қолын бауырына алды, қой үстіне бозторғай жұмыртқалады, басы ауырып, балтыры сыздады, ашса алақанында, жұмса жұдырығында, көзіне көк шыбын үймелетті, ішкен асы бойына тарамады* т.б.

Фразеологизмдердің мақал-мәтелдерге қатысы, яғни мақал-мәтелдер адам өмірінде қамтымайтын саласы жоқ. Соның бәрін аз сөзбен көп мағыналы етіп білдіреді. Халық: «Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді. Мақал – сөздің атасы. Сөздің көркі мақал. Мақалсыз сөз – татымсыз аспан тең. Мақал – сөздің тұздығы» – деп тұжырымдайды. Мысалы, *Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа. Аузымен органның белі ауырмайды. Бал тамған тілден у да тамады. Әншейін жаппас, той дегенде өлең таппас. Ақымақ басқа бадырақ көз бітеді. Ағын суда арамдық жоқ* т.б.

Фразеологизмдердің бірінші сөзі көп жағдайда ұйытқы сөз деп аталады. Сын есімдерден (*ақ, кең, көк, қара, қоңыр, қызыл* т.б.), сан есімдерден (*бір, екі, үш, төрт, тоғыз* т.б.), зат есімдерден (*бел, аяқ, қол* т.б.).

Фразеологизмдер кейде антонимдерден, синонимдерден, омонимдерден жасалады.

Фразеологиялық антонимдер: *ыстық қанды – суық қанды, дүниеге келу – дүниеден кету, қолы ұзару – қолы қысқару, ит пен мысықтай болу* т.б.

Фразеологиялық синонимдер: *қыз қуу, отқа май құю, бауы берік болу, қыл көпір, ақ сұңқар құс, ордалы жылан* т.б.

Фразеологиялық омонимдер: *есі кету – қуаныштан, қорыққаннан, ауыз ашу – таң қалу, ораза кезінде ауыз ашу, сөйлеу бастау, бас жару – о жарлық әрекет жасау* т.б. болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныптарында тұрақты сөз тіркесін оқытуда жоғарыда келтірілген фразеологизмдердің алуын түрлі жасалуын оқушыларға түсінік беріп, сабақта көптеген мысалдар арқылы фразеологизмдер және олардың мағынасын ашуға болады. Берілген сөздің мағынасы. Сөзде қалай қолдана білу керектігін түсінтіру керек. Ең негізгісі тілге жеңіл, түсінуге оңай келетін сөздерден пайдалана алу керек.

Міне, осындай мағыналық байланысы бар мәтін ішінен тұрақты тіркестерін тауып, олардың көптеген мысалдарына бағытталған жаттығуларды молынан жүргізу керек. Бұл әдіс, біріншіден, оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға мүмкіндік жасайтын болса, екіншіден, лексикалық материалды игеруге жағдай жасайды.

Осы орайды фразеологизмдерді сын тұрғысынан ойлау (креатив) технологиясы арқылы үйрету әдісі де бүгінгі күннің жаңа инновацион технологиясы болып табылады.

Сыни ойлау – ашық қоғам негізі. Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп, қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай

жасалған еңбек пен тәжерибенің бірлігі. Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады:

Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады.

Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, керісінше оқып, терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастырып, тың идеялар ойлап табу.

Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлайтын сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тұмысынан білуге құмар болып келеді. Өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі²⁵. Инновация – латын тілінде жаңарту, жаңалық, өзгеріс енгізу деген түсінікті білдіреді. Қызығушылықты ояту. Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақта қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады²⁶.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту педагогик технологияны фразеологизмдерді үйретуде қолдануды дұрыс санап отырмыз.

Сабақты бастамас бұрын «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыпты еске түсіру мақсатында оқушыларға бірнеше сұрақтар қойдым. Мысалы,

1. Табу дегеніміз не?
2. Эвфемизм мен дисфемизмнің ерекшеліктері не де?
3. Тұрақты сөз тіркестеріне мысал кетіл.
4. Идиомалық тіркес дегеніміз не?

²⁵ Қабдашева Ә. Сын тұрғысынан ойлау // Қазақ тілі мен әдебиеті. №10.

²⁶ Қабдашева Ә. Сын тұрғысынан ойлау // Қазақ тілі мен әдебиеті. №10.

5. Тайға таңба басқандай деген тұрақты тіркестің мағынасы қандай?

6. Екі көзі төрт болды деген тұрақты тіркесінің мағынасы қандай?

Қойылған сұрақтар арқылы оқушылардың ойлау және шапшаңдылық қабілеті артқандығы байқалады. Себебі, оқушылар неғұрлым сұрақтарға көбірек жауап берсе, соғұрлым көбірек ұпай жинайды.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде менің сабағымда оқушылар арасында:

- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;
- бір-біріне құрметпен қарауға;
- бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды;
- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;
- достарының ойын тыңдап, мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге.

Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Осындай сыни ойлайтын әдіс-тәсілдер арқылы жүргізілген тапсырма оқушылардың эмоционалды интеллектісін арттырады²⁷.

Фразеологизмдерді оқытуда, әсіресе қайталау сабағында, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалогты сөйлемдер құрау оқушы дағдысын қалыптастыруда

²⁷ Қабадшева Ә. Сын тұрғысынан ойлау // Қазақ тілі мен әдебиеті. №10.

жетекші қызмет атқарады. Өйткені мұндай жолмен оқушылардың сөйлеу тілі жетіледі, тіл байлығы артады, әдеби тілде сөйлеуге дағдыланады.

Қорыта айтқанда тұрақты тіркестерді оқыту күрделі мәселе. Бұл мәселеде ең алдымен оқушы жас ерекшелігі. Теорияны терең мегеруіміз, әдіс-тәсілдерден орынды пайдалана білуіміз қажет. Заманауи әдіс-тәсілдерлен пайдалансақ өте тез мақсатымызға жетеміз. Қазақ тілі пәні оқытатын тұрақ тіркес тақырыбын сабақ барысында сөз тіркесі мен еркін тіркеспен салыстыра отырып түсіндіру, фразеологизмдердің беретін мағынасын жаттығу арқылы бала санасына жеткізу, көркем әдеби шығармалар тілінен мысалдар келтіре отырып. «сөз қаймағы» тұрақты тіркесінен оқушы тәрбиесіне, сөйлеу тіліне оң әсерін тигізу тақырып өзектілігі етіп алынған. Біз жақсы білім беру арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген құштарлығын арттыруымыз керек.

Оқыту жүйесінде мұғалім – ең басты тұлға. Оны еш нәрсе де алмастыра алмайды. Педагогика, әдістеме ілімінің соңғы жаңалықтарымен қаруланған ұстаз шәкірттерінің алдында, сондай-ақ бүкіл халықтың алдында әр уақытта абыройлы.

Сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді, жұмыс түрлерін қолдану мұғалімнің біліктілігі мен әдістемелік шеберлегіне байланысты. Әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады, бірақ мақсат біреу-ақ: қазақ тілі пәнін оқыту арқылы әр оқушының рухани әлемін ашу, оның бойынан суретші, құрастырушы қасиетін тауып, шығармашылық әлеуетін арттыру болып табылады.

III.2. Мектепте тәжірибе жинақтау барысында жүргізілген сабақ жоспарының үлгісі

5 – сынып.

Тақырып: Қазақ тілі фразеологиясы

Мақсаты:

А) Білімділік: Оқушыларға тұрақты тіркестер туралы түсінік беру және оларды сөз аралығында қолдана білуге үйрету;

Ә) Тәрбиелік: Оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, еңбекқорлыққа, үлкенді құрметтей білуге үйрету;

Б) Дамытушылық: Оқушылардың тіл байлығын, ақыл – ойын, сана – сезімін дамыту;

Сабақтың түрі: Ойын сабақ

Сабақтың типі: Жаңа ұғымды меңгерту

Сабақтың әдісі: Түсіндіру, сұрақ-жауап

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, түрлі-түсті жұлдызшалар

Пәнаралық байланыс: әдебиет

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру: Оқушылармен сәлемдесіп, сыныптың тазалығын қарау.

Сыныпты түгелдеу және оқушылар назарын сабаққа аудару.

Сыныпты «Алғырлар» және «Білгірлер» деп екі топқа бөлеміз.

Оқушылар тақтада сайыс кезеңімен танысып алады.

1-Кезең «**wordwol**» әдісі арқылы берілген сұрақтарға жауап беру

2- Кезең «**Ойлан! Ізден! Тап!**» оқушылар сөйлем ішіндегі көп нүктенің орнына тиісті сөздерді орнын тауып жазу керек.

3- Кезең «**Адасқан сөздер**» берілген сөздердің мағынасын тап.

4- Кезең «**кроссворд**».

II. Жаңа сабақ:

Ереже. Екі не одан көп сөздің тіркесінен құралып, біртұтас ұғымды беретін, сөйтіп бір сөздің орнына жұмсалатын ауыспалы мағынадағы тіркесті тұрақты тіркес деп атаймыз. Мысалы: аузын ашпау – үндемеу, көзді ашып-жұмғанша – лезде т.б. (оқушылардан әр бірінен бір-бір мысал сұраймын).

1- бөлім “wordwol” әдісі арқылы берілген сұрақтарға жауап беру.



- 1- Сұрақ : тұрақты сөз тіркесі дегеніміз не?
- 2- Сұрақ : “Қолын аяғына алып жүгірд”і сөзінің мағынасы не?
- 3- Фразеологиялық тізбек дегеніміз не?
- 4- Фразеологиялық тізбек нешіге бөлінеді?
- 5- “ мидай бала” сөзінің мағынасы не?
- 2- Бөлім “ ойлан! Ізде! Тап!”

2-бөлім. Оқушылар тұрақты тіркестердің жалғасын табады.

«Алғырлар» тобына

- 1..... нің түгі бар (жүрек)
- 2..... ын шүйіру(мұрнын)
- 3..... ын көкке көтеру
- 4..... іне көк ала шыбын үймелету(көз)

«Білгірлер» тобына

- 1..... тай ұшты (мұрт)
- 2..... ыңды балта кеспейді (мұрт)
- 3..... і тоймау (көз)
4. түйе үстінен..... үйту

3 - бөлім «Адасқан сөздер»

Таяқ
Шыңқ етер
Ағаш

Соқа
Шыбы
Ауыз

суалу	Мұрын
Көз	Бел
Бет	Езу
Жер	құлағында
Бет	Ауыз
Шаншылу	Тіс
Аяқ	Ерін

4-Бөлім “кроссворд” оқушыларға кроссворд беріледі.

IV. Бекіту

Шығармашылық жұмыс

«Анам – менің бақытым» тақырыбында эссе жазу. Ана туралы әуен ойнап тұрады, оқушылар төмендегі тұрақты тіркестерді мәтін ішіне кірістіру қажет.

«Түн ұйқысын төрт бөлу», «Ана сүтін ақтау», «Төбесі көкке жеткендей», «Көз ілмеу», «Жан ұшыру».

V. Қорытынды: Сабақты қорытындылай келе, ең көп жұлдызша жинаған топ жеңіске жетеді.

VI. Үйге тапсырма:

- А) Тақырыпты оқып келу;
- Б) 208– жаттығуды орындау

VII. Оқушыларды бағалау.

Эксперимент бөлімі.

Жоғарыдағы тапсырмалар тұрақты тіркестермен жұмыс жасауға қалыптастырады, ал тұрақты тіркестерді, яғни фразеологизмдерді дұрыс қолдана білсе, оқушылардың сөздік қоры дамып, тіл байлығы өседі.

Мен практикада Ташкент облысы Қыбрай ауданы 9-санды жалпы білім беретін 5-сыныбына біріктірілдім. Жалпы сыныпта 9 оқушы болды, әр оқушының сабаққа қатысуы, тақырыпты меңгеруі, берілген тапсырмаларды орындай алу қабілеті біркелкі емес.

Осыған орай, қазақ тілі сабағынан оқу өндірістік тәжірибеден өту барысында тұрақты сөз тіркестерін жаттығу жұмыстары мен дидактикалық көмекші құралдар пайдалану арқылы 2 түрлі эксперимент жұмыстарын жүргіздім.

Анықтау эксперименті

Мақсаты: Оқушылардың тұрақты тіркестер туралы түсініктерін. Олардың мағыналарын анықтай білу дағдыларын, жаттығу жұмыстары арқылы орындау барысындағы ережелерді қаншалықты білетіндіктерін анықтау.

Әңгімелесуге арналған сұрақтар:

1. Қазақ тілі пәні сендерге ұнайды ма?
2. Еркін сөз тіркесі мен тұрақты сөз тіркесінің айырмашылығы неде?
3. Фразеологизм тіл ғылымының қай саласы зерттейді?
4. Сөз деген не?
5. Тұрақты тіркес дегеніміз не?
6. «Аяғы аспаннан келу» деген тұрақты тіркесінің синонимін тап.
7. Синонимдес тұрақты тіркестерге мысал келтір.
8. Тұрақты тіркес арқылы баланың ойы қалай дамиды?
9. «Бес саусақтай білу» мағынасындағы тұрақты тіркесті тап.
10. Тұрақты тіркеске тән белгілер.
11. Тұрақты тіркестерді ғылыми тілде қалай атайды?

Тест сұрақтары:

- | | |
|--|--|
| 1. «Төбесі кекке жету» деген қандай мағына береді? | Б) жүрек тынысы төбесіне шығу |
| А) үлгілі озат | Б) қоян жүрек |
| Ә) адал еңбек | 3. Тұрақты тіркесті тап |
| Б) шаршау | А) Қалын ел ұйқысында жатыр |
| В) қуану | Ә) Мен жалғыз жатып калдым. |
| 2. Еркін тіркесті тап. | Б) ұйқың келсе қара жер болар мамық. |
| А) жүрінің түгі бар | В) Бірақ онысы құмға сінген судай ұзаққа бармады |
| Ә) жүрегі тас | |


4. Антоним фразеологизмді тап.
- А) су жүрек – жүрек жұтқан
- Ә) шашбауын көтеру – тақиясына тар келу
- Б) көзге түсе көргісіз – тайға таңба басқандай
- В) мойына су кету – ит өлген жер
5. Қайсы бірі тұрақты тіркес емес
- А) маңдайы күнге күйу
- Ә) маңдайы жарылу
- Б) маңдайы тасқа тию
- В) маңдай тер
6. Қызықтыру деген мағынадағы тұрақты тіркесті тап
- А) көзі алақандай болу
- Ә) көзге түртсе көргісіз
- Б) көздің жауын алады
- В) көздің шырымын алу
7. Мағынасы синонимдес тұрақты тіркестерді тап
- А) бауыр басу – ақ саусақ
- Ә) екі езуі құлағында – төбесі көкке жетті

- Б) таяқ тастам жер – сүт қайнатым жер
- В) көз ілмеу – көз шырымын алу
8. Қайсы тұрақты тіркестің мағынасы дұрыс көрсетілген
- А) мұрынын шүйіру – дәмелену
- Ә) сілесі қату – әбден шаршау
- Б) сүттей ұйыды – келіспеді
- В) зығыры қайнау – өлу
9. «Дүниесі түгел» деген тұрақты сөз тіркесінің мағынасы
- А) місе тұту
- Ә) мойнына мінгізу
- Б) мұртын балта шапау
- В) мұртынан шаншылып жүр
10. Тұрақты тіркестің мағынасын тап «Мұзға отырғызып кету»
- А) жоқ болып кету
- Ә) алдау
- Б) дем алу
- В) ұйықтау

№	Оқушының аты-жөні	Сауалнама	Тест	Қорытынды
1	Байматова Сайда			5
2	Бурханова Диана			4
3	Мирзаев Усен			5

4	Мырзаева Айман			4
5	Русланов Эдгар			4
6	Халматова Дилназ			5
7	Халмуратов Тимур			4
8	Хурматжонов Дидар			3
9	Шамсиддинов Бекзат			5

Оқушылардың 40 % үлгілі, 40 % жақсы, 20% қанағаттанарлы деген балмен бағаланды.



ҚОРЫТЫНДЫ

XXI ғасыр – ғылым мен техниканың қарыштап, дамыған кезі. Ақпараттану, жаһандану және интеграция ғасырында жаңа дүние үшін күрес жолында адамзат баласына білім беру бірінші кезекке қойылары сөзсіз. Білім-қоғамды әлеуметтік мәдениет үрдісімен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, қауым үшін қоғам үшін де жоғары құндылық.

Мен осы бітіру біліктілік жұмысын жазу барысында алғашқы сәттен бастап мазмұнын құрып алғаннан кейін қажетті оқулықтар, әдістемелік-көмекші құралдарды, әдебиеттер, әр түрлі журналдар мен баспасөзде жарияланған соңғы басылымдарды жинақтадым. **«Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері»** – бітіру біліктілік жұмысымның тақырыбын кіріспе: тақырып өзектілігін,

массат, міндеттерін, болжамын ашып зерттеудің кезендері мен әдістерін және өзім тәжірибе өткізген мектепті көрсеттім.

Осы жинақтау барысында оқушылардың қазақ тілі мен әдебиет сабақырына деген қызығушылығының белсенді екенін білдім. Әсіресе, мені қуантқан жағдай оқушылардың ғаламтор желісінен гөрі көркем әдеби шығармаларды оқи отырып, тіл сабағына байланыстыра сөйлеуі болды. Әдіскер педагогтардың еңбектеріне сүйене отырып оқытудың жаңа әрбір сабақты технологияларының кейбір элементтерін қызықты өткізуге тырыстым. Соның нәтижесінде топтағы әр баланың тіліміздің зор байлығын бірі – тұрақты тіркестерді еркін меңгергенін, мағыналарын ажырата алып, оны өз дәрежесінде жаттығу жұмыстары арқылы қаншалықты игергендіктерін білдім.

Бұдан шыққан қорытынды менің бүгінгі жаһандық дәуірде қазақ тілінің қолдану аясының таралып, оқушылардың әдеби шығармаларды оқымайды деген пікірінің жөнсіз екендігіне көзім жетті. Әр сабақ кезінде көптеген көрнекіліктермен қатар балалардың қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалансақ, түсіндіру тапсырма орындату кезінде үйретудің ұтымды жолдарын мәнерлі де сауатты жеткізе білгенде ғана оқушылардың қазақ сөз өнеріне деген құлшыныстары артпак, қазақ тілінің шұрайлы тіл лексикомында зерттеліп, зерделенген тұрақты тіркес туралы түсініктері кеңейіп, оның қолдану күн өткен сайын дами түспек.

Ұзын сөздің қысқасы, алдымыздаға мақсат – рухани дүниесі жан-жақты дамыған тіліміздегі «шырыны мен сөлі таусылмайтын дәмді элементтер» фразеологизмнің тууы мен зерттелуі, қолданылуынан хабардар, күнделікті сөйлеу тілінде тұрақты тіркестерді еркін пайдаланып мақтанышпен сөйлейтін, қазақ тілінің жанашырларын, жеке тұлғаретінде тәрбиелеу керек деп білемін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Авакова Р.А. Фразеологиялық семантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2002;
2. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007.
3. Айтбаев Ө. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: «Абзал-Ай», 2013.
4. Аханов К. Тіл білімі негіздері, Алматы, 2003.
5. Аханова Б. Шығармашылық тұлға қалыптастыру // Сыныптағы тәрбие. – №1.
6. Болғанбаев Ө, Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997;

7. Ешанова Г., Сұлтанбек Қожахметовтің жеке тұлғаның дамуына бағытталған ой-пікірлер // Қазақстан жоғары мектебі. – 2016. – №1.
8. Әбдірахманова Ж. Қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер. Филол.ғыл.канд.дисс. – Алматы. 2008.
9. Жеке тұлғаға бағытталған сабаққа қойылатын талаптар // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. – 2008. 18-24 б.
10. Қабдешова Ә. Сын тұрғысынан ойлау // Қазақ тілі мен әдебиеті. – №10.
11. Қабдықайырұлы Қ. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы: Оқу құралы. – Алматы: РБК, 2015.
12. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. –А. 2000.
13. Қалиев Ғ., Оралбаева Н., Қасымова Б., Төлегенов О. Шалабаев Б. Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы, Алматы, 1997.
14. Мұқанов М.М. Бақылау және ойлау. Алматы.
15. Оразбаева Ф.. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. –А. 2001.
16. Сағидолда Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. Алматы, «Ғылым» 2003.
17. Сатенов С. Қос тағанды фразеологиялық тіркестердің авторлық қолданысына қарай өзгеруі. Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997.
18. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2020.
19. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Елтаным, 2010.
20. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: Санат, 1996.
21. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің семантикалық категориялары. – Алматы: Қазақ университеті, 2017;
22. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің синонимдік қатарлары. Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997.
23. Смағұлова Г., Айтжанова Г. Фразеологиялық калькалар. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.

24. Сырлыбаева Г. Қарсы мәнді фразеологизмдердің парадигмалары. Филол.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2006.
25. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2016.
26. Уалиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1993.
27. Хазимова Ә. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық мәдени деректері. Филол.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2002.
- 28.

5111300-Ана тілі және әдебиеті (Қазақ тілі және әдебиеті) бағыты 4-курс студенті Мошхалова Бибигул Нұрғазықызының «Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері» тақырыбындағы бітіру біліктілік жұмысына

ІШКІРІ

Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарымызды қайта қалыптастыру, жандандыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру – тіл саясатының маңызды бағыттарының бірі саналады.

Қазіргі таңда елдің болашағы болған студент жастарды білімді, саналы, тұлға есебінде қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі-мемлекетіміздің басты саясатының бірі. Білім мен ғылымның еліміз дамуына үлес қосу үшін әлеуметтік-экономикалық, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алып бару міндеті туындап отыр.

Президентіміз Ш.М.Мирзиёев қарарымен білім беруге, оқыту сапасы мен әдістемелік жүйеге, кадрларды қайта дайындау курстарының нәтижелігін арттыруға жаңа талаптар қойылуда. Сондықтан ұстаздар мен тәрбиешілердің іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып саналады. Оқытушы өз білім-білігін, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және жаңа педагогикалық технологияны меңгеруі тиіс.

«Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері» тақырыбына жазылған бітіру біліктілік жұмысы барлық талаптарға сай жазылғандығы, сондай-ақ, тіл білімінің объектісі – фразеологиялық құрылымы деген бірінші тарауында жалпы қазақ тілінің фразеологиясы туралы түсінік, қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің зерттелу тарихы мен оның түрлеріне кеңінен тоқталса, екінші тарауда жалпы білім беретін мектептерде фразеологизмдерді оқыту барысында жаңа педагогикалық технологияларды, тиімді әдістерді пайдалануды өзіне мақсат етіп қойған және үшінші тарауда мектепте тәжірибе жинақтау барысында жүргізілген сабақ жоспарының үлгісі берілген.

фразеологиясы туралы түсінік, қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің зерттелу тарихы мен оның ғылыми-теориялық жақтан талдап берген.

Жұмыстың жалпы білім беретін мектептерде фразеологизмдерді оқытудың тиімді жолдары деген екінші тарауында жаңа педагогикалық технологияларды, жолдары тиімді әдістерді пайдалануды өзіне мақсат етіп қойған және үшінші тарауда мектепте тәжірибе жинақтау барысында жүргізілген сабақ жоспарының үлгісі берілген.

Жұмыс соңында жалпы қорытынды мен өзіндік ұсыныстары берілген.

Қорыта айтқанда, оқытушы Мошхалова Бибигул Нұрғазықызының «Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері» тақырыбындағы бітіру біліктілік жұмысы бітіру жұмысын жазу талаптарына толық жауап береді. Жұмыста жүзекі кемшіліктер, яғни сілтемелер аздап келтірілген, әйтседе бұл кемшіліктер бітіру жұмысына онша нұқсан келтірмейді.

Мошхалова Бибигул Нұрғазықызының «Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері» тақырыбындағы бітіру біліктілік жұмысы бітіру жұмысын толық аяқталған деп есептеп, оны ашық қорғауға ұсынамын.

Ғылыми жетекші:



доцент Д.У.Дуйсабаева

5111300-Ана тілі және әдебиеті (Қазақ тілі және әдебиеті) бағыты 4-курс студенті Мошхалова Бибигул Нұрғазықызының «Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері» тақырыбындағы бітіру біліктілік жұмысына

ІШКІРІ

Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарымызды қайта қалыптастыру, жандандыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру – тіл саясатының маңызды бағыттарының бірі саналады.

Қазіргі таңда елдің болашағы болған студент жастарды білімді, саналы, тұлға есебінде қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі-мемлекетіміздің басты саясатының бірі. Білім мен ғылымның еліміз дамуына үлес қосу үшін әлеуметтік-экономикалық, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алып бару міндеті туындап отыр.

Президентіміз Ш.М.Мирзиёев қарарымен білім беруге, оқыту сапасы мен әдістемелік жүйеге, кадрларды қайта дайындау курстарының нәтижелігін арттыруға жаңа талаптар қойылуда. Сондықтан ұстаздар мен тәрбиешілердің іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып саналады. Оқытушы өз білім-білігін, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және жаңа педагогикалық технологияны меңгеруі тиіс.

«Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері» тақырыбына жазылған бітіру біліктілік жұмысы барлық талаптарға сай жазылғандығы, сондай-ақ, тіл білімінің объектісі – фразеологиялық құрылымы деген бірінші тарауында жалпы қазақ тілінің фразеологиясы туралы түсінік, қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің зерттелу тарихы мен оның түрлеріне кеңінен тоқталса, екінші тарауда жалпы білім беретін мектептерде фразеологизмдерді оқыту барысында жаңа педагогикалық технологияларды, тиімді әдістерді пайдалануды өзіне мақсат етіп қойған және үшінші тарауда мектепте тәжірибе жинақтау барысында жүргізілген сабақ жоспарының үлгісі берілген.

Оқушыларға лексикология саласының өзіндік ерекшеліктерін оның ішінде тұрақты сөз тіркесінің жасалуын, еркін сөз тіркесі мен тұрақты сөз тіркестерінің айырмашылығын көрсете отырып түрліше мысалдарды талдауды сондай-ақ, практикалық сабақтарда топпен пікірлесу, тіл білімінің зерттелу әдістерін анықтау тақырыптарда өткізілетін тәжірибе жаттығулары, талдау жұмыстарын арттыруда теориялық және практикалық тұрғыда жан-жақты талдана түсіндірілетіндігі жұмыста өз көрінісін тапқан.

Жалпы жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі және эксперимент бөлімінен тұрады.

Қорыта айтқанда, Б.Мошхалованың «Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері» тақырыбындағы бітіру біліктілік жұмысы өзінің құрылысы, мазмұны жағынан методикалық талаптарға жауап бере алады. Жұмысты аяқталған жұмыс есебінде қорғауды ұсынамын.

Ташкент облысы, Бостандық
ауданы №1- санды мектептің Қазақ тілі
және әдебиеті пәні оқытушысы



A handwritten signature in blue ink, likely belonging to Sabitova A.

Сабитова. А

5111300-Ана тілі және әдебиеті (Қазақ тілі және әдебиеті) бағыты 4-курс студенті Мошхалова Бибигүл Нұрғазықызының «Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері» тақырыбындағы бітіру біліктілік жұмысына

ІШКІРІ

Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе – әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау.

Әлемдік лингвистиканың қазіргі қалпы, пәнаралық интеграцияның ілгерілеп дамуы, қоғамымызда болып жатқан қоғамдық-саяси өзгерістер, басқа ғылымдарда болып жатқандай, халықаралық бағдарламалар негізінде оқыту сияқты өзекті мәселелерді қазақ тіл білімі өз алдына жаңа міндеттерді жүктеп отыр.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту, оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық- педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог – зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Болашақ қазақ тілі маманы болғандықтан бұл пәннің қазіргі мектептерде оқытылу жайы, ақпараттық коммуникативтік әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану арқылы оқушы санасын жетілдіру жағы мені де толғандырады. Халқымыздың өлмейтін, өшпейтін байлығы-қазақ тілінің құнарлы, нәрлі, икемге көнгіш, тілге оралымды қасиеті бары рас. «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың лексикасы сөзге өте бай. Сол сөздердің бірқатарын ғылыми тілде-фразеологизмдер, қолданымда – тұрақты тіркестер деп атап жүрген ұғымның құрайтыны белгілі. Қазақтың әдеби тіліндегі әсірелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішінде тұрақты сөз тіркестерінің алатын орны ерекше.

Қазірде бірталай дамыған мемлекеттерде білім алып жатқандардың оқу және шығармашылық белсенділіктерін аттыруға әрі тәлім-тәрбие процесінің нәтижелігін көпілдеуші педагогикалық технологияларды қолдауда үлкен тәжірибе жинап, осы тәжірибе негіздерін қалыптастырушы методтар интерак-тив тәсілдер атымен аталып келеді. Талқыдағы бұл жұмыс дәл осы мәселенің кілті іспеттес.

«Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері» тақырыбына жазылған бітіру біліктілік жұмысы барлық талаптарға сай жазылғандығы, сондай-ақ, тіл білімінің объектісі — фразеологиялық

құрылымы деген бірінші тарауында жалпы қазақ тілінің фразеологиясы туралы түсінік, қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің зерттелу тарихы мен оның түрлеріне кеңінен тоқталса, екінші тарауда жалпы білім беретін мектептерде фразеологизмдерді оқыту барысында жаңа педагогикалық технологияларды, тиімді әдістерді пайдалануды өзіне мақсат етіп қойған және үшінші тарауда мектепте тәжірибе жинақтау барысында жүргізілген сабақ жоспарының үлгісі берілген.

Оқушыларға лексикология саласының өзіндік ерекшеліктерін оның ішінде тұрақты сөз тіркесінің жасалуын, еркін сөз тіркесі мен тұрақты сөз тіркестерінің айырмашылығын көрсете отырып түрліше мысалдарды талдауды сондай-ақ, практикалық сабақтарда топпен пікірлесу, тіл білімінің зерттелу әдістерін анықтау тақырыптарда өткізілетін тәжірибе жаттығулары, талдау жұмыстарын арттыруда теориялық және практикалық тұрғыда жан-жақты талдана түсіндірілетіндігі жұмыста өз көрінісін тапқан.

Жалпы жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі және эксперимент бөлімінен тұрады.

Қорыта айтқанда, Б.Мошхалованың «Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері» тақырыбындағы бітіру біліктілік жұмысы өзінің құрылысы, мазмұны жағынан методикалық талаптарға жауап бере алады. Жұмысты аяқталған жұмыс есебінде қорғауды ұсынамын.

Низами атындағы ТМПУ
«Қазақ тілі және әдебиеті»
кафедрасы оқытушысы



Б. Сайфуллаев

«Тілдер» факультеті

«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы

“5111300”-Ана тілі мен әдебиеті (Қазақ тілі мен әдебиеті) бакалавриат

бағытының

IV курс 401 кз топ студентінің бітіру біліктілік жұмысы алғашқы қорғауының

ХАТТАМАСЫ

Ташкент қ.

«29» май, 2023 ж.

Студент: Моисилова Бибишүл Жұрағолқызы

Бітіру біліктілік жұмысы тақырыбы: (№ __)

Фразеологизмдердің прагматикалық
сипаттамаларын оқулық жаңа
және тиісінді жүйесі

Ғылыми жетекші: доцент Р. Құисабайева

Бітіру біліктілік жұмысының нәтижелері:

1. Жалпы мазмұны:

Жұмыс кіріспеден екі тараудан,
қорытындыдан және пайдаланылған
әдебиеттер тізімінен тұрады

2. Бірінші тарау:

Бұл тарауда қазақ тілі фразеологизмдері
термині сөз таңбасы

3. Екінші тарау:

Жалпы білім беретін мектептерде
фразеологизмдердің оқулық жаңа
жүйесі

4. Үшінші тарау:

Фразеологизмдері оқулық жаңа
инновациялық технология жүйесі тарауы

5. Жалпы қорытындылар:

Жұмыс оқулық қорытындысы бар

Төмендегі талаптарға айрықша көңіл аудару қажет:

Бітіру біліктілік жұмысы алдыңғы жылдарға қарағанда қайталанбайды ма?

Бітіру біліктілік жұмысының жоспары мен тараулары талап дәрежесінде құжаттастырылған ба?

Әдебиеттер мен істеу (талап бойынша баспа және жылдардың бірізділігі дұрыс қойылғандығы).

ББЖ да әдебиеттер мен интернет материалдары және олардың дұрыс құжаттастырылуы

ББЖны практикамен ұштастыру.

Бітіру біліктілік жұмысындағы негізгі кемшіліктер:

жұмыста емесік қателер мен
бір қатарда стилістикалық
кемшіліктері кездеседі.

Бітіру біліктілік жұмысы алғашқы қорғауында студентке берілген сұрақтар:

1. Фразеологизмдердің ерекшеліктері?

2. Фразеологизмдердің қолданыста қандай
түрлері еді?

Бітіру біліктілік жұмысы жөнінде қорытынды мінездемелер:

(Орындалмаған бөлімдерді көрсете отырып жазылады)

Қорғауға ұсынылады жұмыс келіңіз қорғауға
ұсынылады

Қорғауға ұсынылмайды

Белгіленген пікір білдірушілер:

1. оқыт. А. Сабытбаева

2. оқыт. Б. Байғұмиев

Комиссия төрағасы:

Мүшелері:

1. доц. Д. Дүйсәбаева

2. п.з.ф.д. Н. Абдулмимин

3. _____

ББЖ-на жауапты тұлғалар:

Кафедра меңгерушісі: п.з.д. (Д.С.) Е. Абдулмимин
(Ф.А.Ж., қолы, күні)

Ғылыми жетекші: доцент Д. Дүйсәбаева
(Ф.А.Ж., қолы, күні)

ББЖ-ны орындаған студент: _____
(Ф.А.Ж., қолы, күні)

**“Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасының бітіру біліктілік
жұмысына берілген**

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Студент Мошхолова Бибигул Нұрғазы қызының доцент Д. Дуйсабаева жетекшілігінде «Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері» тақырыбындағы бітіру біліктілік жұмысы қорғалды және бұл жұмыс Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің 2010 жыл 9-июндегі 225-санды бұйрығымен “Жоғары оқу орындарында бакалавриат бітіру біліктілік жұмысын орындауға қойылатын талаптар”ға толық жауап береді.

Мемлекеттік Аттестация Комиссиясында осы жұмыс қорғауға қойылуы мүмкін.

Негіз: “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасының 2023 жыл 29-майдағы-санды хаттамасы

Кафедра меңгерушісі:

Е.Абдувалитов

БІТІРУ БІЛІКТІЛІК ЖҰМЫСЫ

Тақырып: «Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері»

МАК қаулысы:

5111300 – Ана тілі және әдебиеті (Қазақ тілі мен әдебиеті) бакалавриат бағытының 401-топ студенті Мошхолова Бибигул Нұрғазы қызының доцент Д. Дуйсабаева жетекшілігінде «Фразеологизмдердің прагматикалық ерекшеліктерін оқытудың жаңа және тиімді әдістері» тақырыбындағы

бітіру біліктілік жұмысы

«_____» балмен бағалансын.
«_____» _____ 2023 жыл.

МАК төрағасы:

И.Якубов

МАК хатшысы:

Б.Юсупов

